Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

М. ОМАРҰЛЫ

ОҚУ КІТАБЫ

Жалпы орта білім беретін мектептердің 2-сыныбына арналған оқулық

Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі бекіткен

5-басылымы

ТАШКЕНТ — «O‘ZBEKISTON» — 2018

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

УЎК: 372.41+821.512.122.3
КБК 81.2 Каз-93
О-52

Республикалық мақсатты кітап қоры қаржылары есебінен басылды.

Пікір жазғандар:
Ө. Байқабылов — Низами атындағы ТМПУ аға оқытушысы.
Д. Салыбаева — Ташкент облысы, Зеңгіата ауданындағы 24-мектептің мұғалімі.

Шартты белгілер:

Оқы

Есте сақта

Сұрақтар мен тапсырмалар

Сабақ аяқталды

ISBN 978-9943-01-281-3

© М. Омарұлы, 2008–2018
© «O'ZBEKISTON» БПШУ, 2008–2018



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

АЛТЫН ҰЯ — МЕКТЕБІМ

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!



Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Мал, дәулеттің байлығы
Бір жұтасаң жоқ болар.
Оқымыстың байлығы
Күннен-күнге көп болар,
Еш жұтамақ жоқ болар.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Сиса көйлек үстінде,
Тоқуменен табылған.
Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған.
Өнер-білім — бәрі де
Оқуменен табылған.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

(Ыбырай Алтынсарин.)

Өленді жаттап алыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҚЫРКҮЙЕК

Өзбекстан ел болып
Аталған күн — қыркүйек.
Үстемдіктің бұғауы
Маталған күн — қыркүйек.

Егеменді өмірді
Алып берген — қыркүйек.
Еркін өмір, бейбіт күн,
Жарық берген — қыркүйек.

Білім күні — мереке,
Нұрланған күн — қыркүйек.
Туған күні елімнің
Жырланған күн — қыркүйек.

Көңілдерде дастан боп
Жатталған күн — қыркүйек.
Бар балалар мектепке
Аттанған күн — қыркүйек.

(Боран Қыдыров.)

1. Өленде не айтылғанына көңіл бөліңдер.
2. Өленді жаттап алыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Сабақты бар зейініңмен тыңдай біл.
Партада дұрыс отыруға әдеттен.
Сабақта, мектепте тазалыққа көңіл бөл.
Мұғалімді құрметте, кітабыңды кірлетпе.

МЕКТЕП — АНА

Гүл толы қала, далада,
Гүл толы бүгін омырау.
Шақырып мектеп-анаға,
Соғылды тұңғыш қоңырау.

Қадірлі мектеп — бұл мектеп,
Оқыған ата-анамыз.
Атыңды сенің құрметтеп,
Әрқашан еске аламыз.

Сүйеміз мектеп — ұлы ана,
Партаңды, карта, тақтаны.
Ер жетіп талай ұланың,
Еңбегің ел мақтады.

(Әнуарбек Дүйсенбиев.)

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

1. Өлең мазмұнына көңіл бөліңдер.
2. Өлеңнің әр шумағында не айтылғанына мән беріңдер.

АНАМНЫҢ ТІЛІ, АЯУЛЫ ҮНІ

Мектепке келдім,
Ұстазды көрдім,
Тыңдадым сөзін табына.
Анамның тілі,
Аяулы үні
Алдымнан шықты тағы да.
Сонымен сүйдім өмірді,
Жаныммен сүйдім елімді.

Көңілге көрік,
Өмірге серік,
Ән мен жыр шалқып туатын.
Сөйлесем көпке,
Өрлесем көкке,
Анамның тілі — қуатым.
Анамның тілі — айбыным,
Анамның тілі — ай-күнім.

(Шона Смаханұлы.)

1. Ана тілі мен ана ұғымының байланысып жатқанын мұғалімнің көмегімен аңғарып, түсініңдер.
2. Өлеңді жаттап алыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

БАБАЛАР САЛТЫМЕН

Бабалар біздің баладан
Қайырымдылық қалаған.
Әкеден қалған тұяқ деп,
Бауырын қымбат санаған.

Қыздарын көрген
ұлындай,
Өскенін қалап
құлындай.
Аялап қарындастарын
Көзінің қарашығындай.

Ұрпағы сендер бүгінгі,
Серік қып өскен білімді.
Бабадан қалған сара жол —
Сыйлаңдар бірің-біріңді!

(Болат Дәулетов.)

1. Біздің бабалар нені қалаған?
2. Бабалар қыз бен ұлын қалай қадір тұтқан.
3. Өлеңді жаттап алыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

КЕЗЕКШІ

Не түсті екен ойына?
Жүзі неге жайнады?
Ерназар кенет қолына
Жасыл мата байлады.

«Мен кезекші боламын,
Бүгін үйді таза ғып.
Бәрін жинап қоямын.
Сақтау керек тазалық», —

Деді де ол құлшынып,
Үйдің ішін сыпырды.
Шаршап кейде күрсініп,
Бір отырып, бір тұрды.

Сүртті шаңын шкафтың,
Сүртті шаңын кітаптың.
Орнында тұр барлық зат,
Енді оған кім мін тақсын.

Қандай жақсы тазалық!
Болмас оған кім құмар?
Сен де үйіңді таза ғып,
Кезекші боп сыйлық ал.

(Аманжол Шамкенов.)

1. Сендерге Ерназардың жұмысы ұнады ма?
2. Сендер де үйлеріңде кезекші боласыңдар ма?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ӘЛІШЕР МЕН КІТАП

Кітап құмар ұлым бар,
Тұрмас кітап ақтармай.
Кітап көрсе қуанар,
Жерден алтын тапқандай.

Әңгіме ме, өлең бе,
Қалса болды бір көріп.
Кітап құмар менен де
Оқыр бұрын үлгеріп.

Қандай сұрақ берсеңдер,
Дайын тұрар жауабы.
Үлгі алыңдар көрсеңдер
Кітап құмар баланы.

(Құдрат Хикмат.)

1. Кітап көрсе, жерден алтын тапқандай қуанатын кім?
2. Өлең не үшін «Әлішер мен кітап» деп аталған?
3. Кітап парақтарын жыртпаңдар. Кітапты таза, ұқыпты сақтауға әрекет етіңдер.

БАҒА

Оқымап ем — «бір» алдым,
Кетіп қалды мұғалім.

Әкеп едім «екілік»,
Мамам шықты жекіріп.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

«Үш» алғанда байқадым,
Папам басын шайқады.

«Бес!» — деп едім бүгін кеп,
Қалды бәрі күлімдеп.

(«Балдырған» журналынан.)

Өленді жаттап алыңдар.

Үлкенге сәлем бер, жолын кесіп өтпе. Жүріп келе жатқан адам — отырған адамға, атты адам — жаяуға, аз адам — көпке сәлем беруге тиіс.

Мектепке, мешітке, үйге «Ассалаумағалейкүм!» деп кіру керек. Кеш болған соң «Кеш жарық!» деп кіру керек.

АУРУДАН АЯҒАН КҮШТІРЕК

Сейіт орам үстінде жүріп бара жатқанда бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап, жылап жатқанын көріп, шошынғаннан шешесі есінен танып қалыпты. Мұны көрген соң, Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып, таңып жатқанда да, дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатыпты.

Сонда сыныққшы кісі:

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Аяғың ауырмай ма, қабағыңды шытпайсың ғой! — деп сұрайды.

Сейіт шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сыныққшыға сыбырлап айтты:

— Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр. Бірақ менің жанымның қиналғанын көріп, әжем де қиналып жүрмесін деп, шыдап жатырмын.

(Ы. Алтынсарин.)

1. Әңгіменің мазмұнын түсіндіріңдер.
2. Сейіттің шешесі неліктен есінен танып қалды?
3. Сейіт неліктен шыдамдылық жасады?
4. Ана мен бала арасындағы құрмет пен қамқорлыққа көңіл бөліңдер.
5. «Сейіттің ерлігі» деген тақырып бойынша мазмұндама жазыңдар.

БІЗДІҢ АУЫЛ

Біз Аққұдық деген жерде тұрамыз. Аулымыз шағын. Айналасы жатаған төбелер. Қалың бұталар өседі. Шөбі де мол.

Біздің туған-туыстарымыздың бәрі мал бағады. Өзіміз Аққұдықтағы мектепте оқимыз.

Қазір бірінші сыныпты бітірдік. Жазғы демалысымызды туған аулымызда өткізіп жатырмыз. Жиі-жиі қырға шығамыз. Қаулай өскен көктің иісі мұрын жарады. Шөптердің, гүлдердің түр-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

түрін жинап, кептіріп, гербарий жасап жүрміз. Сан алуан жәндіктердің тіршілігін бақылау да қызық екен. Құр бақыламай, дәптерге жазып қоямыз. Атын білмесек, үлкендерден сұрап аламыз.

(«Балдырған» журналынан.)

1. Ауыл өміріне мән беріңдер. Ауыл адамдарының немен шұғылданатынына көңіл бөліңдер. Сендердің ауылдарыңа ұқсастығы бар ма?
2. Ауылдарыңның атын сөздік дәптерлеріңе жазып қойыңдар.

Білмегенді сұрап үйренген — ғалым,
Арланып сұрамаған — өзіне залым.

(Әлішер Науаи.)

Мысалдар

ӘТЕШ

Жаңбырдан кейін іркінді суды кешуді ұнататын әтеш бір күні теңіз жағасына барды.

«Теңіз кешетін құстардың аяғы теректің бойындай ұзын болуы керек», — деп ойлады ол. Сол кезде толқып жатқан теңізге кіп-кішкентай ақ шағала келіп қонды.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Әтештің зәре-құты қалмады. «Сирағы бір тұтам шағала теңіз түбіне батып кетеді-ау», — деп қорықты. Әйтсе де, теңізде тербеліп отырған шағаланы көрген соң:

«Келте ойлаппын... Түбіне шағаланың сирағы жетіп тұр. Теңіз-теңіз деп тамсанатындай дәнеңесі жоқ екен ғой», — деді өзін кінәлап.

МАСА

Маса бірде қаңғып жүріп, аузы ашық тұрған шөлмекке кіріп кетті де, ызыңдай бастады. Даусы өзіне зор болып естілді.

— Тап қазір даусымды естімеген ешкім қалмаған шығар! — деп масаттанды маса.

(«Балдырған» журналынан.)

1. Мысалды түсініп оқыңдар.
2. Мысалдардағы әтеш, масаға мінездеме беріңдер. Сендерге қайсысы ұнайды?

3. Мысалдардағы кейіпкерлер тізімін жасаңдар.

ЕКІ КІТАП

Бір кітап бір кітапты көріп, ішегін тартты:

— Неткен сұлусың?! Сені безендірген суретші емес, пері шығар. Мені қарашы, тысым қап-қара, халыққа көрінуге ұят.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Анау күрсінді:

— Ішің сұлу болмаса, сырт сұлулығынан пайда жоқ. Ертең өтпей қаламын ба деп қорқамын. Ондайлар аз ба?

(Балтабай Әділов.)

Шын сұлулық неде екенін мұғалімнің көмегімен әңгімелеңдер.

ӘЙ, АТЖАЛМАН!

Әй, атжалман тарамыс,
Сауатың сәл шала-мыс.
Жазғын десе: «Темір», — деп,
Жазыпсың-ау: «Кемір», — деп.

(Әнуар Абиджан.)

Өлеңді жаттап алыңдар.

Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Оқу жылы қашан басталады?
2. Қай күн Тәуелсіздік күні?
3. Мектепте қай тілде оқисың?
4. Кітаптарың көп пе? Оны жыртпайсыңдар ма?
5. Қыркүйек аты несімен ерекшеленеді?
6. Қыркүйекте туылған сыныптастарыңды құттықтап қойыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

АЛТЫН КҮЗ

ҚЫРКҮЙЕК

Қыркүйек — күздің бірінші айы.

Бұл — мал шаруашылығына байланысты шыққан атау.

Қыркүйек айында диқандардың жиын-теріні аяқталып, жұрт қыс қамын ойлай бастайды.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Бұл — күз айы. Халық күз айы келді деп айтады.

Күннің салқындауы басталады. Шық түседі. Диқандар трактормен жер жыртады. Өйткені, «Жер айдасаң, күз айда, күз айдамасаң, жүз айда» дейтін халық мәтелі бар.

(«Жиған-тергеннен».)

1. Күздің бірінші айының аты қалай аталады?
2. Күзде не басталады?
3. Күн қашан салқындайды?

БОЛАТБЕК

Сары ала күз келді. Күндіз қоңыр салқын. Кеш суықтау. Өзен суының сарылы алыстан естіліп тұр. Бозторғайлар жер бауырлай ұшады.

Жаңа оқу жылы басталды. Болатбек өзі қолға алған жұмыстан қол үзіп кете алмады. Сабақтан қалуға болмайды. Таңатар екеуі кезекпен оқуға күн ара келіп жүрді. Оқуы жаман болған жоқ. Бірақ басқа балалардың алдында ыңғайсызданды...

Жаңа мектепте сабақ екі кезекте өтіледі екен. Таңатар түске шейін оқиды. Болатбек түстен кейін оқитын болып шықты. Жұмыстан да, оқудан да қол үзбей жүрді. Үздік еңбегі

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

үшін Болатбек жақында мақтау жарлығымен марапатталған еді. Осыдан кейін бала біткен Болатбекке қызыға қарасады.

(Қ. Толыбаев.)

1. Жылдың қай мезгілі келді?
2. Болат неліктен мақтау қағазымен марапатталды?
3. Балалар Болатбекке неге қызыға қарады?

ҰНАТАМ КҮЗДІ МЕН

Қарашы далаға,
Нұрға енген сары ала.
Пісті алма балбырап,
Сарғайды бал құрақ.

Аспанда қаптаған
Бұлт тыным таппаған.
Жөңкіліп көшеді,
Суық жел еседі.

Тоңған бір баладай
Дірілдер қарағай.
Жаз бойы бұлқынған
Арналы су тынған.

Алқаптан бидайды
Қоймаға ел жинайды.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Тырнасы тізілген
Ұнатам күзді мен.

(Жеңіс Қашқынов.)

1. Күзде қай жеміс балбырап піседі?
2. Аспан мен арна көрінісі қалай сипаттталған?
3. Жаз бен күз тіршілігін салыстырыңдар.

АЛТЫН ДӘН

Жатыр дала жалтырап,
Жаз шуағын мол құйды.
Күн астында алтын дән
Тербеледі, толқиды.

Толықсыған тасқындай
Көкжиекке ұштасып.
Күн астында ақ бидай
Билейді қол ұстасып.

(Күләш Ахметова.)

1. Дәннің сипатталған жерін тауып оқыңдар.
2. **Шуақ, көкжиек, билейді** деген сөздердің мағынасын қалай түсінесіңдер.
3. Осы өлеңнің мазмұны бойынша сурет лыңдар

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ЖҰМБАҚТАР

Тұла бойы қылтық,
Бұған жұрттың бәрі ынтық.

Б □ □ □ □

Ол күнді күзетеді,
Күн оны түзетеді.

К □ □ □ □ □ □ □

САРЫ ТАУЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАПАНДАРЫ

Күздің алғашқы айы. Сары тауық балапандарын ертіп, шегіртке қуып, ауылдан ұзап кеткен. Шайдай ашық күн аяқ астынан бұзылды. Аспанды қара түнек бұлт басты. Жарқ-жұрқ етіп нажағай ойнады. Жаңбыр құйып кетті. Сары тауық балапандарымен суық жаңбырдың астында қалды. Асыққанмен мекеніне жете алатын емес. Балапандар қара қанаттанбаған. Жылы жүні әлі шықпаған балғын. Сары тауық қатты састы. «Балапандарымды ауыртып аламын ғой» деп қауіптенді.

Шөжелерін қос қанатының астына алып, бауырына басты. Бір балапаны сыймай, сыртта қалды. Ана айла жасап, балапандарын

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

кезектестіріп, бір-бірден тыста ұстап, тоңа бастағанда, бауырына алып отырды. Кезек ең кенжесіне келді. Ана оны сыртқа теппеді.

— Оны неге шығармайсың? — деп сұрады бір ақ балапан.

— Ол тым жас.

— Жас болса қайтеді? Кезегі келгенде ол да шықсын.

— Ол сырқаттанып қалады. Кішімізге өзгеміз қамқоршы болуымыз керек емес пе? Қане, бұның орнына кім барады? — деп сұрады анасы.

— Мен, — деді тұңғышы.

— Мен барайын! — деді оған тетелесі.

— Кезекті маған беріңіз, — деді одан кішісі.

— Мен қалам ба сонда? — деді алғашқы қарсылық білдірген ақ балапан.

— Қатеңді түсініпсің, сенің барғаның жөн! — деді сары тауық балапанды тысқа қарай ысырып.

Сары тауық су өтіп, қатты жаурады. Бірақ балапандарын тоңдырған жоқ. Балаға деген ыстық махаббатымен жылытып, сақтап қалды.

Күн ашылып, ана жүрегіндей жадырады. Сары тауық балапандарым жылынсын дегендей, азық іздеп жүгіре жөнелді.

(«Балдырған» журналынан.)

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

1. Ауылдан ұзап кеткен сары тауық неге кезікті?
2. Сары тауық не үшін састы?
3. Сары тауық балапандарын қалай асырады?
4. Ақ балапан анасына не деді?
5. Басқа балапандар ең кенжесіне қандай қамқорлық жасады?

КҮЗГІ ЖЕЛ

Үркіп үйрек, қаздары,
Шулайды көл қоғалы.
Дәурені өтіп жаздағы,
Күздің желі соғады.

Кейде құйын өтеді,
Шаңдатады жан-жақты.
Кейде қуып кетеді,
Доп қылып ап қаңбақты.

Бейне тентек баладай
Ойран-асыр салады.
Алма бағын жағалай,
Алмаларын қағады.

(Асқаржан Сәрсеков.)

1. Үйрек, қаздар неден үркікті?
2. Қаңбақты домалатқан не?
3. Алма қағып жүрген не?
4. Өлеңге басқа ат қойыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

БҰЛ ҚАНДАЙ КЕЗ?

Егістік жақтан даладан,
Естісең мотор гүрілін,
Астықты керуен қалаға,
Ағылып жатса күн ұзын.

Ағаштар тұрса салмақты,
Ақылына келгендей.
Қар басқан сонау тау жақты
Ақ мақтамен көмгендей!

Алуан-алуан қызық көп.
Еңбекпен сыртта жүрсеңдер.
Қызыққа қарап, жүріп, тек
Жалқаулар ғана бүрсеңдер.

Бұл қандай кез, балалар?
Айтыңдар бізге, білсеңдер.

(Жақан Смақов.)

1. Даладан ненің даусы естіледі? Оның аты не?
2. Кімнің бүрсеңдейтінін өлең жолдарынан табыңдар.
3. **Егістік, астық** деген сөздердің мағынасын қалай түсінесіңдер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Жан-жануарлар төлінің атаулары:

Жан-жануарлардың атауы	Жан-жануарлар төлінің атауы
түйе	бота
жылқы	құлын
сиыр, қодас	бұзау
қой	қозы
есек	қодық
киік	құралай
құндыз	құнай
бұғы	бұғышақ
қоян	көжек
аю	қонжық
доңыз (шошқа)	торай
қасқыр	бөлтірік
ит	күшік
түлкі	мыршай
мысық	соқыр
аққу	көгілдір
қаз, үйрек	балапан
тауық	шөже
марал, ешкі	лақ
жолбарыс	шөнжік

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

1. Аулыңда қай жануарлар бар?
2. Үйіңде ше? Олардың төлдерін өз атымен атайсың ба?
3. Ата-аналардың сендерді *ботам, құлыным, қошақаным* деп еркелетіп, әлпештеуінде не сыр бар?

АҚҚУ

Бұл әсем құстың тазалығы мен сұлулығын ескеріп, жұртшылық қыз-келіншектердің жан нәзіктігін, келбеттерін соған теңейді. Иә, ақ-қудың сұңқылдап ұшқаны, айдынды көлде кер-бездене жүзгені, кіршіксіз ақтығы, маң-маң басқан сазды қимылы — табиғаттың оған бер-ген әсем бір көрінісі.

Кербез сұлу аққудың тіршілігіндегі бір ерек-шелігі — ол өзінің ұясын кез келген көлдерге сала бермейді. Бұл құс ұя салуға ну қоспалы, суы сондай таза, әрі тұщы, ірі көлдерді таңдап алады және ол төңіректе адамның болуын да ұната бермейді. Сондықтан да халық оның кез келген батпақты, шалшық көлде кездесе бермейтін аса талғампаз екендігін біліп, қа-дірлейді. Оны «құс патшасы» деп тегін атама-ған ғой.

Аққулар суда жақсы жүзеді, бірақ сүңги алмайды. Айдын көлдер аруы — аққу сондай сақ, батыр және күшті. Қазақ халқы аққуды

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

«киелі, қасиетті» құс деп санап, оған тимей, қайта оның көл маңында көбірек жүруін ұнатады.

Соңғы жылдары республикамыздың солтүстік облыстарында, аққу мекендейтін көлдер маңын егіске жыртуға байланысты, оның саны азайып кетті. Сондықтан да өзінің әсемдігімен жұртты таң қалдыратын бұл құс бүкіл елімізде қорғауға алынған. Сұлулық пен тазалықтың символы — аққу қорын молайту қазіргі кездегі маңызды міндеттердің бірі болып отыр.

(Ә. Жұмаділов.)

1. Аққу — қандай құс?
2. Ол барлық жерге ұя сала бере ме?
3. Аққуды неліктен *киелі, қасиетті* құс деп атайды?
4. Аққудың баласын не деп атайды?

ЕРАЛЫНЫҢ ЖАЗЫҒЫНДА

Күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр. Ауада дымқыл сыз бар. Таң салқыны қазір күздің суық желіне айналған. Маңайда қызарып солған қурайлар көрінеді. Бүрінен айрылған тобылғы да қуқыл реңді. Ұзарып сарғайған селеу мен бозғыл көде, жусан — бәрі де жел лебінен қалтырайды. Бас шұлғып, елпек қағады. Қара

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

жел қуған қаңбақ кең жазықта көп бұлыңдап, тынымсыз кезіп, жосып өтеді. Таң жаңадан атқан. Салқын күннің қалың шығы жүргіншілердің аттарының тұяғын жылтыратып, шашасына шейін суландырған.

Ералының кең жазығына жаңа келіп ілінген жүргіншілер — ерте көшкен ауылдың ер-азаматтары. Көшіп келе жатқан — Абай аулы мен көрші ауылдар. Сол көштің алдында ұзаңқырап кеткен мынау бір топ аттылар — Абай мен оның кей достары, кей ақын-әншілер. Топтың алдыңғы қатарларында Абай, Көкбай, Шұбар —үшеуі өзгелерден озыңқырап, оңаша әңгімелесіп барады. Артқы топ — Ақылбай, Мағаш, Кәкітай, Дәрмен болатын. Бұлардың артында Ербол мен Баймағамбет бір бөлек келеді.

Жүрістің ертелік мазасыздығына қарамай, күн райының мұңды, сұрқай көңілсіздігіне қарамай, ортадағы жастар тобы үнемі дабырлап, сөйлесіп, әзілдесіп күліп келе жатыр.

(М. Әуезов.)

1. Күздің күніндегі *ауа райы, жер көрінісі* қалай суреттелген?
2. Көшіп келе жатқандар кімдер?
3. Жастар тобы қайтіп келе жатыр?
4. Әңгімедегі адам аттарын атаңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

СҮЙКІМДІ КӨЖЕК

Мақсат бірінші сыныпты бітіріп, каникулға жайлаудағы аулына келді. Бұйратқа көтерілгенде, отарды қаптата жайған көкесін көрді. Көкесі мұны көріп:

— Мақсатжан, оқуың бітіп-ақ қалды ма? Бәрекелді, келгенің жақсы болды! Мынау сағаң деген сыйлығым, — деді. Көкесі қоржынынан көзін ашпаған көжекті алып, Мақсатқа ұсынды да: — Шамасы енесінен адасып қалса керек, әйтпесе жас көжектер мұндай жерде жүрмейді, — деді.

Кешке үй ішінің ермегі сол сұр көжек болды. Өзі бір нәрседен қатты қорқып қалғандай, құлағын жымитып, бүлк-бүлк жатты да қойды. Мақсат аяққа құйып, аузына сүт тосқан, тосырқап ішпей қойды. Біраздан соң үй ішінің дабыр-дүбір сөзіне де үйреніп, ербитіп құлағын көтерді, бауырымен баяу жылжып та көрді. Сосын Мақсат тосқан сүтті жалап тауысып алды.

Бірнеше күн өтті. Көжек үй ішінде еркін жүретін болды. Көбіне күндіз ұйықтайды да, түнде шамның жарығында селтеңдеп ойнап әлек. Өзі қорқақ-ақ. Ойнап жүреді де, көлеңкесін көріп қап, тырбаңдап кеп қашып, Мақсаттың алдына бүк түсіп жата қалады.

Көжек Мақсатқа әбден бауыр басып алды.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Осылай арада көп уақыт өтті. Енді ол ұшқан құсқа да, жүгірген аңға да алдырмай, өз бетімен өмір сүретін шамаға жетті. Оны еркіндікке жіберуге де болады.

Ертеңіне күн шыға Мақсат көжегін ауылдан алыс, құм қойнауына апарып қоя берді. Ол төбе басында селтиіп біраз тұрды да, әлдене есіне түскендей орғи шауып, қалың шағыл арасына сіңіп ғайып болды.

Мақсат көпке дейін көжегін есіне алып, ол туралы жиі-жиі әңгімелеп жүрді. Бір күні кенет ит үріп, үйді айнала арсылдап әлденені қуып жүрді. Мақсат тұра жүгіріп есік ашты, көжек зып берген — сүтті жалап алып, баяғыша еркін ойынға басты. Енді ол күнде таңертең өзі құмға кетіп қалып, кешке үйге қайтып кеп жүрді. Оған үйренісіп алған төбет те енді оны үй айналдыра қумайтын болды. Сөйткен көжек бір күндері мүлде келмей қалды. Мақсат та, оның көкесі мен апасы да көжекті ұмытпай, көпке дейін сүйсіне еске алып, әңгімелеп жүрді...

(«Ұлан» газетінен.)

1. Көкесі Мақсатқа не деді, не берді?
2. Көжек үй ішінде қалай жүретін болды?
3. Мақсат құм қойнауында көжегіне не істеді?
4. Үй іші көжекті қалай еске алатын болды?
5. *Көжек* — қай жануар төлінің аты?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

БАЛАНЫ ӨЛІМНЕН ҚҰТҚАРҒАН ҚҰС

Көлеңкеде қаннен-қаперсіз ұйықтап жатқан жеті-сегіз жасар балаға қарай айыр тілін сұмаңдатып улы жылан жақындап келеді. Күтпеген жерден, қайдан шыға келгені белгісіз бір құс бала мен жыланның арасына түсіп, кескестей берді. Жылан да атылуға айналғандай шиыршық атып, айбат шегіп, ысқырып жіберді. Құс аяғын санап басып, жақындай түсті. Бала жайына қалды. Екі түз тағысының адам үшін шайқасы басталып кетті. Жылан шабуылды үдете түсті. Бірақ құс та тез жалтарып, оның улы тісін бойына дарытатын емес. Міне, жылан тағы да шап берді. Құс құйрығымен жер тіреп, жалтара берді де, жылан басын қайтып тартып аламын дегенше, өткір тұмсығымен оны төбесінен шоқып-шоқып алды. Жылан жан сауғалап, жиырыла кейін шегінді. Бірақ ашулы құс шаңқылдап, үсті-үстіне шоқи берді, шоқи берді.

Бала оянып кетті. Ол қимылсыз бауыры жалтыраған улы жыланды, оның жанында ауыр дем алып жатқан құсты көріп, таң қалды. Мұның екеуін бірдей кімнің өлтіріп кеткенін білмей, аңырып жан-жағына қарады. Жүрегі

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

әлсіз ғана соғып жатқан мына кішкене құстың өзі үшін мерт болғанын бала түсінбеді.

(Балаларға арналған күнтізбеден.)

1. Ұйқыдағы балаға не қауіп төндірмек еді?
2. Құс тұмсығымен нені шоқып-шоқып алды?
3. Жылан қайтті?
4. Бала неге таң қалды?

Мақал

Гүл өссе, жердің көркі,
Қыз өссе, елдің көркі.

Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Күздің бірінші айының аты қалай аталады?
2. Күзде не басталады?
3. Күзде қандай жемістер піседі?
4. Алтын дән дегенде нені түсінесіңдер?
5. Күз туралы қандай өлең-тақпақтар біле-сіңдер?
6. «Алтын күз» тақырыбына мазмұндама жа-зыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

ЖҰМБАҚТАР

Дәу көпірім аспалы
Құлпыртып тұр аспанды.
Бұл не?

Жоғары, төмен зымырап,
Жүріп тұрған үйім бар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ол тоқтаса, біздерге
Биікке шығу қиындар.
Бұл не?

Кезікті бір жануар
Үстінде екі тауы бар.
Бұл не?

Дөңгеленіп өседі,
Желге еріп көшеді.
Бұл не?

Қал десем, қалмайды,
Жұмсасам, бармайды.
Бұл не?

Шекер сау-сау төгілді,
Аула-жолдар көмілді.
Бұл не?

Жұмбақтардың шешуі: *кемпірқосақ, лифт, түйе, қаңбақ, көлеңке, қар*.

ЖАҢЫЛТПАШТАР

— Мынау балқаймақ қай балқаймақ?
— Бұл балқаймақ — май балқаймақ.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

* * *

Ақ тайыншаның қатығын
Аппағыма беремін.
Аппағымның атын тез
Айтқаныңа беремін.

* * *

Көбек бөбекті
Бөлек бөлепті.
Бөлеп бөбекті
Жөргектемепті.

* * *

— Тайлақ қайраңдай ма?
Шабақ тайраңдай ма?
— Тайлақ тайраңдайды,
Шабақ қайраңдайды.

* * *

Ақанның хат-хабарын
Жинақтап, қаттап алдым.
Хатыма хаттар алдым,
Хабарды жаттап қалдым.

* * *

Ақ тай ақ па,
Қара тай ақ па?

* * *

Тарғыл итім, талға орал.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ӨТІРІК ӨЛЕҢ

Ортасына тақтаның,
Шіркей бағып, баптадым.
Шаншып алып істікке,
Тірі аюды қақтадым!

* * *

Шегірткемді тағалап,
Көкжиекті жағалап —
Жеткенімде,
көлеңкем
Отыр екен балалап...

* * *

Іркіт пісіп табаға,
Нан пісірдім сабаға.
Таңда шығып қоңызбен
Айға бардым қонаға.

* * *

Ұстап алып кесіртке,
Құалғына ен салдым.
Аспанға айдап есекті,
Ұшқанына тамсандым.

* * *

Қандаланың сирағын,
Елу ғасыр жинадым.
Көк шыбынның терісін,
Бастығыма сыйладым.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Бір қоянды міндім де, аспанға ұштым,
Екпініне шыдамай, жерге түстім.
Алты күндей ақ боран соғып еді,
Жалғыз құрай ығында ас қып іштім.

(«Қырық өтірік» өлеңінен.)

1. Көбелекпен қасқыр қууға бола ма?
2. **«Аспанға алты жерден тіреу қойдым»** деген сөзге сендер сенесіңдер ме?
3. **Құрқылтай, қызғыш, құмырсқа, бөгелек** деген сөздерді сөздік дәптерлеріңе көшіріп жазыңдар.

БАУЫРСАҚ

Нәйім-нәйім, бауырсақ!
Ағын суға шомылсақ!
Жаман бала — ойынсақ!
Жақсы бала — малсақ!

АЙГӨЛЕК

Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек!
Айдай толған кезімде
Би билеймін дөңгелеп!

Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дөңгелек!

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Күндей нұрлы шағымда,
Күнге жетем өрмелеп!

АҚ СЕРЕК, КӨК СЕРЕК

Ақ серек пен көк серек!
Тауып алдым бәйтерек!
Жалындаған күн керек!
Жалпы достан кім керек?
Анау тұрған ұл керек!
Оның аты — Еркебек,
Келсін бізге ертерек!

БАРЫП КЕЛ...

Балам, балам, барып кел!
Қыстау жақты шолып кел!
Қара биең құлындаса,
Құлыншағын алып кел!

(«Ел аузынан».)

СӨЗДІК

Ақ серек, көк серек — мал қоритын ит.

1. Балалар, сендер тағы қандай ойындарды білесіңдер?
2. «Жаман бала — ойынсақ!
Жақсы бала — малсақ!» деген жолдар қай өлеңнен алынған?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҚОЖАНАСЫР МЕН ХАН

Бір күні Қожанасыр бір баймен жанжалдасып қалып, ханның алдына жүгініске бармақшы болады. Бай ханның аузын алып, сөзін сөйлейтінін сезген Қожанасыр қойнына бір үлкен тас салып барады. Хан екеуінің арызын тыңдап болып, енді үкім айтуға ыңғайлана бергенде, Қожанасыр қақырынып қояды. Хан бұрылып, Қожаның бетіне жалт қарайды. Сонда Қожанасыр ханға ымдап қойнын көрсетеді. Қожанасырдың қойнына хан жалтақ-жалтақ қарап, оның қомақты болып, томпайып тұрғанын көреді. Хан Қожанасырдың қойнында ат басындай алтын бар екен деп дәмеленеді. «Менің сөзімді сөйлесең, осы алтынды саған берем» дегендегісі шығар, деп ойлайды. Сондықтан хан сөзін салмақтай келіп, Қожанасырдың арызын дұрысқа шығарады.

Үкімге риза болмаған бай ашуланып кетіп қалады. Бай кеткен соң, хан күлімдеп, Қожанасырды жанына шақырып алып:

— Ал, Қожеке, маған риза шығарсың. Байды бақырайтып қойып жығып бердім. Енді қойныңдағы алтыныңды әкел, — дейді.

— Тақсыр, мен сізге алтын көрсеткенім жоқ қой. Қойнымдағы алтын емес, тас еді, — деп,

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Қожа қойындағы тасты ханның алдына тастай береді.

— Бар болғыр, үкім айтарда, көзіңді қысып, қойныңды көрсеткенің не? — деп ашуланады хан.

— Уа, тақсыр! Менің қойнымдағы көрсеткенім: «Хан ием, әділін айтыңыз, әйтпесе мына таспен қонжитам!» дегенім еді, — дейді Қожанасыр.

1. Қожанасыр нені қойнына салып барды?
2. Кім Қожанасырдың бетіне жалт қарады?
3. Хан неден дәмеленді?
4. Бай неге ашуланды?

Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Халық ауыз әдебиеті жайлы нелерді білесіңдер?
2. Ауыз әдебиетінде балаларға арналған қандай өлеңдерді білесіңдер?
3. «Өтірік өлеңнен» үзінділер айтып беріңдер.
4. Қожанасыр туралы өздерің білетін әңгімелерден айтып беріңдер.
5. Өздерің білетін жаңылтпаштарды айтып беріңдер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ХАЙУАНАТТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ӨЛЕҢДЕР МЕН ЕРТЕГІЛЕР

ТӨЛДІ ҚАЛАЙ ШАҚЫРАДЫ?

Қой баласы — қоңырым,
Қойдан жуас момыным,
Шопан ата түлегі —
Қошақаным, қайдасың?
Пұшайт, пұшайт!

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Жауын жауса, бақырған,
Ешкі атасын шақырған,
Өрісте өскен жануар —
Шөкетайым, қайдасың?
Шөре, шөре!

Жолға шықсам, көлігім,
Жапанда жүрсем, серігім,
Қамбар ата өсірген —
Құлыным менің, қайдасың?
Құрау, құрау!

Тілімен мұрнын жалаған,
Тілімен бойын тараған,
Көкке мұрнын шүйіріп,
Көз төңкере қараған.
Зеңгі баба өсірген —
Әукешім менің, қайдасың?
Аухау, аухау!

Екі көзі танадай,
Екі өркешті баладай,
Елпеңдеген ойнақтап,
Енесіне қарамай,
Ойсыл қара баласы —
Ботақаным, қайдасың?
Көс, көс!

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

1. Ауылды көз алдыңа малсыз елестете аласыңдар ма?
2. *Пұшайт, шөре-шөре, құрау-құрау, аухау-аухау, көс-көс* деп төлдерді қадірлеп-қасиеттеудің сыры неде?
3. Зеңгі бабаның кесенесі Зеңгіата ауданында, Ойсыл қара бабаның кесенесі Піскент ауданында екенін естен шығармаңдар.

ЕШКІ

Ешкі қойды бастаған,
Қойды артына тастаған.
Ешкі деген жануар
Сойса, саны қалақтай.
«Баста» десе бастаған,
Қайырып мүйіз жасқаған.
Жанына лақ келгенде,
Сүзіп-сүзіп тастаған.
Тастан-тасқа секіріп,
Ойнағанын қайтерсің?
Жауын жауса қорғалап,
«Шек!» — десе де иесі,
Болмағанын қайтерсің?

(«Балдырған» журналынан.)

1. Өлеңде ешкінің қылығы мен қимылы қалай суреттелген?
2. Адам мен ешкінің өмірдегі байланысына назар аударыңдар.
3. **Қалақтай, шек, баста** сөздерінің қолданылуына мән беріңдер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ТҮЙЕ, ТҮЙЕ, ТҮЙЕЛЕР

— Түйе, түйе, түйелер,
Тұзың қайда, түйелер?
— Балқан таудың басында,
Балдыр қоян қасында,
Еніп кеттім егіске,
Қойным толды жеміске.
Жемісімді жерге бердім,
Жер жусанын берді.
Жусанын қойға бердім,
Қой қозысын берді.
Қозыны мен қонаққа бердім,
Қонақ маған қамшысын берді
Қамшысын мен қазға бердім,
Қаз маған жұмыртқасын берді.
Жұмыртқаны мен енекеме бердім,
Енекем маған бір алаша тай берді.
«Алаша тайға мін!» — деді,
«Олай-бұлай жүр!» — деді,
«Қымызынан іш!» — деді.
«Қымызынан бермесе,
Тайыңа міне шап!» — деді.

1. Жер кімге жусанын берді?
2. Қой несін берді?
3. Мұның бәрін бір-біріне жасаған жақсылық деп түсінуге бола ма?

4. *Ботакөз, Нартай, Бурабай, Тайлақ* дейтін адам аттары нені еске түсіреді?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ЖЫЛ БАСЫНА ТАЛАСҚАН ХАЙУАНАТТАР

Ерте заманда хайуанаттар жыл басы болуға таласыпты.

Сонда жылқы айтыпты:

— Мен алысты жақын қыламын. Күшімді болса, көреді, сүтімді болса, ішеді, қылыма шейін арқан, жіп еседі. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл басы мен боламын, — дейді.

Сонда түйе айтады:

— Сен адамның жұмысын қылсаң, сұлы, шөп асайтын тамағың үшін құл болдың. Мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық жерлерге барамын. Аш болдым деп арпа,

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

сұлы сұрамаймын. Көде болса, көде, жусан болса жусан, не кез келсе, соны қорек етіп, табылса, су ішіп, табылмаса, шөлде де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық, — дейді.

Сонда сиыр:

— Адам егін ексе, менімен егеді, сүтімді ішеді, одан құрт, май алады, жыл басы болу маған лайық, — дейді.

Сонда қой:

— Мен болмасам, адам үйін немен жабар еді, жүнімді алып киіз басады, жабағымнан киім тігеді, арқан, жіп еседі. Сүтімнен құрт, май алады, шаруаға менен пайдалыларың жоқ, — дейді.

Сонда ит:

— Мен болмасам, сендердің көбіңді не ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді. Мен сендердің баршаларыңның бақташыңмын, дұшпан көрінсе, үріп, иеме хабар беремін, — дейді.

Сонда әтеш:

— Мен болмасам, барлық кісі ерте жұмысына бармай ұйықтап қалар еді. Мен таңертең тұрып, таң атты деп шақырып, хабар айтамын. Кеш болса, жатар мезгіл болды деп, тағы шақырамын, — дейді.

Тышқан не айтарын білмей тұрады да, бір қулық ойлап, жиналған көпке былай дейді:

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Бұл таластан еш нәрсе өнбес, жылды қарап тұралық та, кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын, — дейді.

Өзгелері жыл қарап тұрғанда, түйе өзінің бойына сеніп: «Менен бұрын кім көреді?» деп ойлап, тышқанның сөзін қостап, бәрі қарасып тұрады. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің үстіне шығып, өркешінің басына мінеді де, отыра береді. Көп хайуан таласып, «Біз көреміз, біз көреміз» деп тұрғанда, ең биікте тұрған тышқанды көріп, еш нәрсе демепті.

Сонан соң бәрінен тышқан бұрын көріп, хабар беріп, жыл басы болыпты. Түйе бойына сеніп құр қалыпты.

1. Аңызды рөлге бөліп, мәнерлеп оқыңдар.
2. Хайуанаттар не үшін таласты?
3. Не жыл басы болды?
4. Жыл басы болудан кім құр қалды?

ТҮЛКІ МЕН ҚАСҚЫР

Бұрынғы уақытта бір қасқыр мен түлкі жолдас болыпты. Бір жерге келгенде, қасқыр түлкіге айтыпты:

— Менің басым ауырып барады, тамырымды ұстап, білші.

Сонда түлкі тамырын ұстап тұрып:

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Басың өте қатты ауырып тұр екен, олай-бұлай жүгіріп, құйрығыңды көк мұзға қоя қойғын! — дейді.

Сонда қасқыр олай-бұлай жүгіріп келіп, құйрығын көк мұзға қоя қойғанда, құйрығы мұзға жабысып, өзі сол жерде қатып қалады.

1. Қасқыр түлкіге не деді?
2. Көк мұзға құйрығын қойған не?
3. Құйрығы мұзға қатқан қасқырды елестетіңдер, осы көріністің суретін салыңдар.

АРЫСТАН МЕН ТҮЛКІ

Арыстан қартаяды. Аңдарды бұрынғыдай аулай алмайтын болады. Енді аңдарды айламен аулағысы келеді. Өзі үңгірде жатады да:

— Аурумын, жүруге әлім жоқ, — деп барлық аңдарға хабар таратады.

Аңдар бір-бірлеп арыстанның халін білуге келеді. Арыстан аңдардың біреуін де қайтармайды. Бәрі де арыстанға жем болады.

Бір күні түлкі келеді. Ол үңгірден алысырақ тұрады да:

— Халіңіз қалай, тақсыр? — деп көңілін сұрайды.

— Халім нашар. Неге жақынырақ келмейсің? Берірек кел, түлкіжан, біразырақ сөйлесейік, — дейді арыстан.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Түлкі:

— Мен сізге жақын барар едім-ау, бірақ үңгірге кірген із бар да, шыққан із жоқ екен! — деп жүріп кетіпті.

1. Арыстан қартайған соң қандай айла жасады?
2. Арыстанның алдына барған аңдардың халі не болды?
3. Түлкі арыстанның алдауына түсті ме?
4. Әңгімедегі оқиғаларды салыстырыңдар.

ҚАСҚЫР МЕН КІРПІ

Орман шетінде домаландап бара жатқан кірпіні аш қасқыр бас салады. Бірақ тұмсығы мен тамағы қанға боялып шыға келеді. Озбырлығын, қомағайлығын білдіргісі келмеген қасқыр кірпіге:

— Бетіңнен сүйейін деп едім, сен-ақ қырынбайды екенсің ғұмыры бір, — деп сылтауратады.

Кірпі қылтандарының арасынан біздей тұмсығын шығарып, сықылықтай күледі де:

— Асықпа, қасеке, сендердің азуларың түгел қағылып біткен күні мен де қырына бастаймын, — дейді.

1. Кірпіні не бас салды?
2. Қасқырдың тұмсығы неліктен қанға боялды?
3. Кірпі қашан қырынбақ болды?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ТҮЛКІ МЕН ҚҰМЫРА

Егін оруға шыққан бір әйел құмырасын сүтімен шөптің арасына қояды. Бұны түлкі көреді де, жасырынып келіп, құмыраның ішіне басын сұғып, сүтті ішеді. Бірақ басын құмырадан кері шығара алмай әлек болады. Сонда:

— Ау, құмыра! Біраз ойнадың ғой, жетер. Жібер енді басымды! — депті түлкі. Қанша жұлқынса да, құмырадан басын шығара алмапты. Сонан соң ашуға басыпты.

— Қап, бәлем, тұра тұр! Сені суға батырмасам ба! — деп, жүгіріп барып өзенге қарғып түседі де, суға батып өледі.

1. Құмыра түлкінің өтінішін орындады ма?
2. Түлкінің өліміне не себеп болды?

АҚЫМАҚ ҚАСҚЫР

Өрісте жайылып жүрген қойдың ішінен бір арық қой жалғыз бөлініп қала беріпті.

Қалың шидің арасынан бір қасқыр шыға келіп:

— Е, сүйген асым, қайда жүрсің? Іздегенде, мұндай кездестіре алмас едім, бұйырған дәмге сөз жоқ! Енді сені жеймін, — дейді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Қой:

— Жейтін болсаң, ажалым жеткен екен. Бірақ өзің де мал танығыш едің ғой, қарны қампиған, аузында бір тісі жоқ, бір асым еті жоқ, тұла бойы шандыр мені қайтесің? Мені босат, қоралы қойға қайтайын, семіз қой әкеліп алдыңа тартайын. Жылы-жұмсақты сен жемегенде, кім жейді? — дейді.

«Жылы-жұмсақ» деген сөз қасқырды қызықтырады. Қойды босатып қоя береді.

Қасқыр жұтынып, қойдың семіз болғанын күтеді. Қой да, бағылан да жоқ, қасқыр түңіледі. «Қой баласы момын ғой, алдауды білмеуші еді. Сірә, оны ешкі антұрған азғырған шығар. Барып көрейін!» — деп жорта жөнеледі.

Бір белеске шығып, төңірекке қараса, алдында қызылшаны күрт-күрт шайнап, бір ешкі жүр екен. Көп қой да, қойшы да алыста екен. «Іздегенім сен едің!» — деп, қасқыр ешкіге бас салады.

«Жанымды алып қалуға себеп болар ма екен» деп, ешкі мынаны айтады:

— Атаң да, анаң да жақсы еді ғой. Қой тұрғанда, олар ешкіні жемеуші еді. Мен қарапайым ешкі емеспін, тойда билеп, торқа киген ешкімін! — деп судыратады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Ешкі билейді дегенді естіген емеспін. Ондай өнерің болса көрсет, — дейді қасқыр.

Ешкі:

— Ендеше көз аудармай, аяғыма қара да тұр, мен бір билеп көрсетейін, — дейді де, ешкі олай-бұлай секіре-секіре, жалт беріп, көп қойдың арасына кіріп кетеді.

Сол арада қойшы да келіп, ешкі аман құтылады.

1. Жалғыз қой неге кезікті?
2. Қасқырды қойдың қай сөзі қызықтырды?
3. Белестегі ешкі қасқырдан қалай құтылды?

ҚАРҒА БАЛАСЫН «АППАҒЫМ» ДЕР, КІРПІ БАЛАСЫН «ЖҰМСАҒЫМ» ДЕР

(Қазақтың халық ертегісі)

Сүлеймен деген патша кірпі мен қарғаға былай деп бұйрық береді:

— Сен, қарға, бір күнде жер дүниені аралап, жақсы сайрайтын құс тап. Ол құсты менің бас жағыма әкеп отырғыз. Таң атқанда ол құс мені сайраған даусымен оятсын.

— Ал сен, кірпі, жердің жүзін тінтіп, бір жұмсақ нәрсе тап. Оны әкеліп, жастығымның үстіне, бетіме тақау қой. Құстың сайрағанымен

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

оянған кезімде, бетім сол жұмсақ нәрсеге тисін!

Қарға тынымсыз көп жерді аралап, құстардың үнін естиді. Бірақ бірде-бір құстың сайрағаны ұнамайды. Бұлбұл да, басқа құстар да сайрай алмайтындай көрінеді. Үні жақсы құс таба алмай, қарға сорлы әбден шаршайды. «Енді мені патша өлтіретін болды ғой!» — деп қайғырған қарға таң саз бергенде ұясына қайтады. Анасын көрген соң балапандары қаркылдай бастайды. Бұлардың қарқылдағаны сондай әдемі, сондай нәзік көрінеді. Қарға қуанып, Сүлеймен патшаның бас жағына ұя салып, соған балапандарын қонақтатады.

Кірпі іздегенін таппай, шаршап-шалдығып үңгіріне қайтып келеді. Балалары алдынан шығып құшақтайды. Кірпі де құшақтайды. Балаларының денесі мамықтай болып сезіледі. «Әлемде менің балаларымнан басқа жұмсақ еш нәрсе жоқ-ау», — деп, Сүлейменнің сарайына балаларын алып барып, жастығының үстіне жатқызып қояды.

Таң атады. Қарғаның балапандары қарқылдай бастайды.

Сүлеймен оянып, оларға қарай бергенде, бетіне кірпі балаларының түрпі тікенектері қадала кетеді. Қараса, қарғаның балапандары мен кірпі балалары екен.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Сүлеймен ашумен қарға мен кірпіні шақыртып алып, жендеттеріне бұлардың басын кесуді бұйырады. Жазалы болған қарға мен кірпі:

— Дат, тақсыр! — дейді.

Сүлеймен:

— Айт, датыңды! — дейді.

Жазалы екеуі істеген істерін түгелдей баян етеді. Сонан соң Сүлеймен:

— Әркімге өзінің баласынан артық ештеңе жоқ екен ғой. Бала деген балдан тәтті, оттан ыстық, күннен жарық, мамықтан да жұмсақ екен ғой, — деп, екеуін де жазаламай босатып жібереді.

1. Қарға мен кірпіге Сүлеймен патша қандай бұйрық берді?
2. Қарға мен кірпі патшаның бұйрығын қалай орындады?
3. Сүлеймен патшаның жасаған қорытындысы дұрыс па?

Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Хайуанаттар жайындағы өлеңдер мен ертегілерден айтып беріңдер.
2. Төлді қалай шақырады?
3. Жыл басына хайуандар қалай таласты?
4. Қазақтың халық ертегілерінен айтып беріңдер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

АТАЛАР СӨЗІ — АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ

БІЛІМДІДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ

Пейіліңді кеңге сал.

Кешірімді, мейірімді, сыпайы бол.

Біреудің киімін киюге әуестенбе.

Туған жеріңді ұмытпа.

Жүзің жарқын, жаның жомарт, мінезің жақсы болсын.

Жақсы және жақсылық туралы айтуға әдеттен.

Тәңірге, аруаққа, халыққа тіл тигізбе.

Бес жаратылыс:

1. Күн.
2. Ай.
3. Жұлдыз.
4. Күндіз.
5. Түн.

Бес өсиет:

1. Топасқа сенбе.
2. Жауға иілме.
3. Әрқашан сақ жүр.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

4. Аш үйге қонба.
5. Жарлыдан сый алма.

Бес қатер:

1. От.
2. Жау.
3. Борыш.
4. Ауру.
5. Сөз.

Алты асқар:

1. Ақыл.
2. Білім.
3. Жомарттық.
4. Әділдік.
5. Шыншылдық.
6. Кең пейіл.

Алты парыз:

1. Бір-біріне сәлем беруге;
2. Шақырса, бару;
3. Кеңес сұраса, ақыл қосу;
4. Сұраққа жауап беру;
5. Ауырып қалса, көңілін сұрау;
6. Қайтыс болса, жерлеуге қатысу.

(С. Кенжеахметов.)

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ТІСІҢІЗДІ КҮТІҢІЗ

Тісті тұрақты арнайы паста, ұнтақтармен тәулігіне екі рет тазалап отыру керек. Тісті уақтылы тазалау, маржандай аппақ қалпын сақтау ешқандай ауруларға шалдықтырмайды.

Тісті қалай болса, солай тазалауға болмайды. Оның да өзіндік тәртібі мен жүйесі бар. Отбасы мүшелерінің әрқайсысының жеке пайдаланатын екі данадан тіс щёткасы мен өз алдына пасталары немесе үгінді ұнтақтары болуы керек. Щёткаларды әркім өзінің жас ерекшеліктері мен тістерінің көлеміне қарай таңдағандары жөн.

Тазалауды алдымен сол жақ жоғары азу тістердің сыртынан бастаған дұрыс. Тізілген тістердің бағытымен щёткаңы 8-10 рет әрі-бері жатық ысқылап, содан соң оң жақ азу тістердің сыртын алдына қарай осыншама рет ысқылап тазалайды. Осы тәртіппен тістердің ішкі жақтары да, астыңғы қатары да щёткамен мұқият тазаланады. Тазалау үдерісі кезінде щёткаға қатты күш салуға болмайды.

Тісті щёткамен тазалап болған соң, таза жуылған саусақпен қызыл иек еттерін сылау керек. Сылау ауыз, жақ ағзаларының қан және зат алмасуын жақсартады.

(«Жетісу» газетінен.)

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

1. Тіс тазалау да денсаулықтың басы.
2. Тісті қалай болса, солай тазалауға бола ма екен?
3. Сылаудың қандай пайдасы бар?

АТАЙ



Көктем келді далаға,
Көктем келді көшеге.
Атамыз бар аулада,
Білесің бе нешеде?

Қоссаң біздің жасымыз,
Жетпейді оның жасына.
Бір қосылса басымыз,
Кете алмаймыз қасынан.

Атайменен біз бірге
Тазалаймыз арықты.
Үйретеді ол бізге
Кейде небір әріпті.

Ұлықсатсыз, наныңыз,
Бақшасына кірмейміз,
«Атай» дейміз бәріміз,
Атын бірақ білмейміз.

(Ә. Дүйсенбиев.)

1. Атаймен бірге балалар не істейді?
2. Ол тағы не үйретеді?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

3. Балалар атайдың рұқсатынсыз не істемейді?
4. «Атай» дегені орынды-ау, бірақ атын білмеген ұят емес пе?

ӘДІЛДІК ДЕГЕН НЕ?

Біздің үйде әділдік орнаған. Менің әкем солай дейді. Ешкім бір-біріне бұйырмаса, ұрыспаса, мәселені өтініш ете отырып, ақылдасып, кеңесіп шешсе, әділдік сол екен.

Әкем апаммен ақылдасады. Апам әкеммен ақылдасады. Әкем мен апам менімен ақылдасады. Біз бәрін де: қандай кітап оқуды, қайда барып серуен жасауды, қандай тамақ пісіруді, басқа мәселелерді де ақылдасып шешеміз.

Бәрі бір-бірімен ақылдасып, ешкім ешкімге бұйырмаса — сол әділдік деп аталады. Әкем солай дейді.

(Ә. Қалиев)

1. Әңгімені түсініп оқыңдар.
2. Әкесінің қандай әділдік орнатқанына мән беріңдер.
3. Сендердің үйлеріңде де осындай тәртіп бар ма?
4. Үйлеріңде осындай тәртіп орнату бойынша ата-аналарыңа ұсыныс жасаңдар.

Мақал

Үлкен бастар,
Кіші қостар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ӘДЕПТІ БАЛАЛАР

Біздің ауылдың ақсақалы Асан атаны бәріміз жақсы көреміз. Біз бесінші сынып оқушыларынан топ құрып, Асан ата мен Әсем әжемізге қамқоршы болуға келістік. Топбасшы Толағай толғанып:

— Достар, Асан атаның жалғыз баласы қызметке тұрып, қалаға ауысып кетті. Енді ата мен әжеге қамқоршы болайық, — деді.

— Толағай дұрыс айтады. Қарттар қиындық көріп қалмасын, — деп, Айжан ақжарқын, сыпайы сөйлеп, бәрімізге ой салды.

— Ер балалар сабақтан соң мал күтуге көмектессін, біз Әсем әженің үй тірлігін жасап береміз, — деп, Жадыра қыз жайраңдап сөйледі.

— Асан атаның оншақты қойы мен ақ боз атын суғарып, оларға жем-шөп беру Есен екеуміздің қолымыздан келеді, — деп, Кемел Есен досына күлімдей қарап еді, ол ізетпен басын изеді.

— Құрғақ сөздің құны болмайды. Бүгіннен бастап нақты іске кірісейік, — деп, Толағай сөз байлады. Балалар сөзге тұрып, әдеп сақтап, күн сайын сабақтан соң Асан ата мен Әсем әжеге қамқорлық жасап, айтқандарын орындады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Әдеп сақтап, салтымызды құрметтеп, ата сыйлағандарыңа рахмет! Өркендерің өссін, халқымыз сүйетін қадірлі азамат болыңдар. Алла жарылқасын! — деп, Асан ата ағынан жарылып, ақ батасын берді.

— Өстіп, ізетті, инабатты, иманды болыңдар, балаларым. Ана сыйлағанды Алла жарылқайды, — деп, Әсем әже дастарқан жайып, оларға сый-сияпат көрсетті.

(Әдібай Табылдиев.)

1. Толағай қандай ұсыныс жасады?
2. Сыныптастардың бұл ісін қалай бағалайсыңдар?

ҰЯЛҒАНЫМ

Көкем мен апам қонаққа кетті де, үйде бес жасар Қарлығаш екеуміз ғана қалдық. Апам:

— Егер қорқатын болсаңдар, Асқарды шақырып келейін, — деген.

Асқар — бізбен көрші тұратын бала. Екеуміз бір сыныпта оқимыз.

— Неден қорқамыз! — дегенмін өзімше намыстанып. Кеш қоюлана түскен сайын, бойымды ептеп үрей билей бастаған секілді. Сабағымды бір қайталап шықтым. Енді Қарлығашты ұйықтату керек. Алайда ол:

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Ертегі айтшы, — деп жата қоймады.

— Жарайды, — деп көне кеттім. Жақында ғана кітаптан оқыған бір ертегіні айта жөнелдім. Қорқынышты, өлмес Кащей мен алуан айлалы мыстан кемпір туралы ертегі еді.

— Осы кезде мыстан кемпір есікті сартылдатып қаға бастайды, — дей бергенімде, сыртқы есікті біреу қаға жөнелмесі бар ма?!

Жүрегім зу ете қалды. Шынымен сол... мыстан кемпір шығар... Жүгіріп барып төсекке күмп бердім.

— Дархан, біз ғой, есікті ашсаңшы! — деген таныс дауысты естіген соң ғана жүрегім орнына түскендей болды. Сонда да ілгекті жүрексіне ағыттым. Шамасы, кескінімнен байқаса керек, мамам:

— Немене, қорқып кеттің бе? — деп сұрады. Мен қызарып төмен қарадым...

(Жамау Бұхарбаев.)

1. Асқар қандай бала?
2. Дархан неге қызарып кетті?

ТІЛ АЛМАУДЫҢ КЕСІРІ

Түн суық. Күндіз күн көзі ашық болса, ауа жылынады. Бірақ түнгі ызғар түске дейін қайтпайды. Сәскеде ойнап келу үшін үйден шығып бара жатқан Жақанға анасы:

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Балам, байқа, көшеге жылы киініп шық, — деді.

— Күн ашық қой, апа, тоңбаймын, — деп Жақан бетін тыржитып, иығын қиқаң еткізіп, үйден шығып кетті.

Ол көшеге шыққанда ызғырық жел соғып тұр екен. Достарымен доп ойнап, терлеп-тепшіген Жақан, жел өтінде көп отырып қалып, өкпесіне суық тигенін ет қызумен байқамай қалды.

Кешінде оның қызуы қатты көтерілді. Түн бойы ұйықтай алмады. Келесі күні ол ауруханаға түсті. Алма беті қызарып, алауы басылар емес.

— Саған кеше жылы киініп жүр деп айтып едім ғой, — деп асыл ана оны аянышпен аймалап, көзіне жас алды.

— Апатай! Бұдан былай тіліңізді алып жүремін, — деп, Жақан кешірім сұрады.

«Кешігіп кешірім сұраудың не пайдасы бар? Тіл алмаудың кесірінен ауырып қалдым», — деп ойлап, Жақан іштей өкініп жатыр.

(Әдібай Табылдиев.)

1. Жақанға анасы нені ескертті?
2. Не үшін Жақан ұйықтай алмады?
3. Жақан неге өкінді?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ

ҚЫС

Шытынайды тыста аяз —
Қызыл шұнақ үскірік.
Қылшылдайды жаландап,
Зәрлі деммен ысқырып.

Ұшан-теңіз — қалың қар,
Жерді басып жабады.
Шұнақ аяз жаландап,
Екі санын сабады.

Мұздай демі бет қарып,
Аяз аузын ашады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Құлақтанып қызыл күн
Жасыл ұшқын шашады.

(Сәкен Сейфуллин.)

1. Өлеңнің мазмұнына көңіл бөліңдер.
2. Ақынның қыс бейнесін қалай жасағанын мұғалімнің көмегімен талдаңдар.
3. Өздерің жасайтын жердегі қыс көрінісін суреттеңдер.

АЛҒАШҚЫ ҚАР

Бүгін алғаш қар жауды,
Жауды ақша қар тынбастан.
Аппақ қылып бар маңды,
Жарқырады түнгі аспан.

Соғып болып аққала,
Жүздерінде нұр ойнап.
Бүкіл бала шаттана,
Шапқыласып жүр ойнап.

(Шәміл Мұхамеджанов.)

Өлеңді жаттап алыңдар.

АЛТЫН ЗАҢ

Мен адаммын, азамат қалпымдамын,
Халқым үшін келеді қарқындағым.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Тәуелсіздік жалауын тік көтеріп,
Құт дарытты еліме алтын заңым.

Нұр шашып, ел мерейін алтындадың,
Желтоқсанның сегізі — жарқын таңым.
Конституция күні боп күнтізбекте,
Қызыл шырай танытып жарқылдадың.

Өзбекстан, құт болсын алтын заңың,
Нұр шашып, арайласын алтын таңың!
Алтын заңды тұмардай тағып алып,
Ел алдында келеді жарқылдағым.

(Б. Иман.)

Өленді мәнерлеп оқыңдар.

БІЗ ДЕ ОЙНАЙМЫЗ

Шырша мен қайың қатар өсті. Жас қайың ерке, ойыншыл болатын. Ол алаңғасарлығына басып, шыршаға соқтығып, бұрымын жұлып, аяғынан шалып, алысып ойнағысы келіп, мазалай берді.

— Бізге тиіспе! — деп ақырды шырша. — Сотқармен ойнамаймыз.

— Шыбық тисе, шыңқ етердің өзі екенсің. Жай ғана сипап өткенге нең кетті?..

— Сипап та өтпе. Біз өзіміздің киімімізді күтіп киеміз.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Соншама қадірлейтін сенің киіміңнің біздің киімімізден қандай артықшылығы бар?

— Біз сендердей киімімізді жыл сайын ауыстырмаймыз. Біздің үстімізге кигеніміз жапырақ емес, жасыл ине.

— Өткір-өткір найзаңды көріп тұрмын. Ол инеңнен қорқатын біз жоқ.

— Жіңішке бұтаққа өскен инелер — біздің көркіміз, ыстық-суықтан қорғайтын сауытымыз. Сондықтан бұл көк шинелімізді жеті жылда бірақ рет ауыстырамыз.

— Қалай ұзақ киесіңдер?..

— Сондықтан да сақтап, баптап киюге тырысамыз. Қымбат, құнды киімнің күтімі де өзіне сай болғаны жөн.

— Солайы солай ғой, сонда да, ойнамай отырсаң, зерігіп кетпейсің бе?

— Бала болған соң, біз де ойнаймыз. Бірақ киімімізді кірлетіп, ластап, жыртып ойнамаймыз.

(«Балдырған» журналынан.)

1. Әңгімені тыныс белгілеріне қарап, кідіріс жасап оқыңдар.
2. Жас қайың неліктен шыршаны мазалады?
3. Шырша жапырағын неше жылда ауыстырады?

4. Сендер де киімдеріңді кірлетпей, ластамай және жыртпай ойнаңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

СЫРҒАНАҚ

Қар жамылды күллі алап,
Жүрмедік біз құр қарап.

Бір топ бала бірлесіп,
Жасап алдық сырғанақ.

Ақ көрпемен он қабат
Тастағандай дөңді орап.

Ауырмады еш жерім,
Аунап түссем домалап.

(Әли Ысқабаев.)

Өленді жаттап алыңдар.

БОРАН БОЛАР АЛДЫНДА

Шағындау алқапта ақ бөкендер үйірі қаптай жайылып жүр. Дөңес тұмсықтарын жерден алмайды. Шөлейттің қалың жусаны қырбық қарға жіпсіп, дәмді асқа айналған. Қаңтардың қиғаштай алыстаған күні аңдардың көлең-келерін ұзартып жіберген. Кейбірі анда-санда бастарын көтереді де, біраз тың тыңдап тұрып, жерге қайта бас қояды. Бұл күнгі таңертеңгі мезгілде бөкендердің тыныштығы бұзылған жоқ.

Алайда бір кәрі теке шүйгін шөпке мойын бұрмай, басын қақшитқан қалпы топтың алдына

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

шықты. Содан кейін басқа текелер де оттауды тоқтатты. Сол-ақ екен, үйірлі аң үдере босып жүре берді.

Жөңкіген аң оңнан да, солдан да көкжиекке дейін созылып кетті. Бір бағытпен аялсыз сырғып барады. Ал түс ауған соң, тіпті шапқылай бастады.

Қыстың қысқа күні батқанша ақ бөкендер үйірі оңтүстікке қарай асығыс ағылып жатты.

Қасқыр аулайтын аңшылар бригадасының аялдамасында бір машинаның сынған рессоры ауыстырылып жатқан. Күн бата жөндеу жұмысы да бітті. Аңшылар ет қайнап жатқан үлкен қазанның басына жиналды.

Аңшылардың ең жасы:

— Бүгін бөкендердің аз оттауының себебі не? — деп сұрау қойды. — Олардың тобы күні бойы сексеуілді ықтап жүрді де, кешке қарай асығыс шұбыра жөнелді.

— Иә, иә, біз де байқадық! — деп қостады тағы бір-екі кісі.

— Демек, босқа асыққан екенбіз, — деді бригадир. — Машина рессорын таңертеңгісін жөндеуге де болатын еді.

— Неге? — деп таңданған бірнеше дауыс қатар шықты.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Егер бөкендер сексеуіл мен бұталы құмға беттесе, онда боран болады дей бер.

Таңертеңгісін күн ашық-ты. Ал түс ауа аспанды сұрғылт бұлт қаптады. Күннің көзі тасаланды. Солтүстіктен жел есті. Алғаш қиыршық қар себеледі. Артынан ақ түтек боран басталды да, бір тәулікке созылды.

Боран басталардан бір тәулік бұрын бөкендер паналайтын жер іздеп ағылды, ауа райының бұзылатынын әлденендей құбылыс арқылы ап-анық біліп алған секілді.

(«Балдырған» журналынан.)

1. Әңгіменің мазмұнын түсіндіріңдер.
2. Бөкендер не үшін алаң болып, оттамай, оңтүстікке ауа бастады?
3. Аңшылар тобының бригадирі аңшыларға не айтты?
4. Боран болатынын бөкендердің алдын ала сезетінін аңғарыңдар.

БОРАН

Боран, боран, борама,
Түтеп кетсең, бола ма?!
Атай қайтсын өрістен,
Қойлар енсін қораға.
Неткен содыр борансың!

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Аптықпа, әлі борарсың.
Ел орынға отырсын,
Жолаушылар оралсын.

(Несіпбек Айтов.)

1. Өлеңде не туралы айтылған?
2. Атай, қой, жолаушылар боранда не істеуге тиіс?
3. Өлеңді жаттап алыңдар.

БІРЛІК

Данияр мектептен келсе, үйдің алды омбы қар боп қалыпты. Ол тамағын ішіп, аздап демалды да, аулаға шықты. Қорадан қол шанасын алып, оған талдан тоқыған қорапты таңып бекітті. Қолына күрек алды. Ауланың қарын тазартуға кірісті. Қорапқа қар толтырып, оны шанамен алысқа апарып төкті. Бірақ қар таусылар емес.

— Данияр! Кел, мен саған көмектесейін, — деді көрші үйдегі досы Нариман. Ол да қол шанасын сүйреп шығыпты. — Содан кейін бірігіп біздің үйдің алдын тазалайық, жарай ма?

— Жарайды, — деді Данияр қуанып.

Екеуі екі шанамен қарды тез тасып бітірді. Осыдан кейін Нариманның үйінің алдына барды. Бұлардың жанына көмекке Берік пен

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Серік келді. Төртеуі ойнап-күліп жүріп қызу еңбекке кірісті. Олардың бұл істеріне үлкендер сүйсіне, қызыға қарады.

— Алақай! Екі сағатта бітірдік! — деп айқайлады балалар. Осылайша, төрт дос күш қосып, төрт үйдің алдын лезде-ақ қардан тазартып шықты. Мұның аты — бірлік еді.

(Ермек Өтетілеуов.)

1. Данияр мектептен келіп не істеді?
2. Нариман Данияға қандай ұсыныс жасады?
3. Оларға тағы да кімдер қосылды?

Мақал

Бірлік болмай, тірлік болмас.

ЖАҢА ЖЫЛ

Жаңа жыл,
Жаңа жыл!
Жаңа жылда — жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында
Жадырап бар бала жүр.
Тамаша,
Тамаша!
Шыршамыз тұр жараса.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.
Көрікті,
Бөрікті!
Аяз ата келіпті.
Беріп жатыр таратып
Алма, анар, өрікті.
Қала нұр,
Дала нұр!
Құтты болсын жаңа жыл!

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Шырша жаны көңілді,
Билеп барлық бала жүр.

(Әбдірахман Асылбеков.)

Өленді жаттап алыңдар.

ҚАҢТАР АЙЫ

Қаңтар айы — жыл басы, қыс ортасы. Қаңтардың суығы қатты, даланы, орманды аппақ қар басады. Құстың, аңдардың ізі қардан анық көрінеді. Жемтік іздеген қасқыр, түлкі тынбай жортады. Қасқыр жайылымдағы жылқы, сиырды аңдиды. Жылқы тепкілеп, қасқырды қуады, үйірін қорғайды.

Түлкі қулық жасап, ағаш арасында тышқан інін, қояннның жымын аңдып қылт етіп далаға шыққандарын бас салады. Аю болса, ештеңеге алаңдамай, апанында жатып, ұзақ ұйқыға кетеді.

Ормандағы бұлғын ізін жасырып, алдыңғы аяғы басқан жерге артқы аяғын дәл түсіреді. Ол екі аяқтың ізі сияқты боп көрінеді. Осы әдіспен бұлғын қоян, құр, шіл сияқты құстарды аулайды.

Қыста көп жортатын қасқыр, бұлғын, түлкі, аққіс, ақ тиін, қоян, тышқан іздері далада сайрап жатады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Қар астынан қылтиып көрінген құрай мен шөптерді қырау басып үлпілдеп тұрады.

(Ж. Өмірбеков.)

1. Қыс ортасы қай ай?
2. Қардан ненің іздері қалай көрінеді?
3. Бұлғын қандай қулық жасайды?
4. Қандай шөптер үлпілдеп тұрады?

АЯЗДА

Тиін онша қонақжай аң емес. Әрқайсысы жеке-жеке, өз ұяларында өз беттерінше өмір сүреді. Бір-бірінің үйіне барып, араласу былай тұрсын, егер бір тиін байқамай бөтен біреуінің ұясына кіріп кетті ме, бәлеге қалғаны. Оны ұядан түйгіштеп қуып шығады.

Күннің жылы кезінде тиіннің мінезі ылғи осылай.

Ал суық түскен мезгілде тиіннің мінезі күрт өзгереді. Олар қысқы аязда жеке тұрып, суыққа төзе алмайтындарын сезеді. Сондықтан олар топ-топ болып топтасып алады. Бұл кезде тиіндерден асқан тату-тәтті топты табу қиын. Қақаған суық түндерде бес-алтыдан бірігіп, бір ұяда жатады. Бір-біріне тығылысып жатып алады да, шөп-шаламмен ұяның аузын бітеп тастайды. Сөйтіп, қыстың ұзақ аязды түндерін

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

бейқам өткізеді. Сыртта алай-түлей боран соғып тұрса да, қақаған сары аяз болса да, тиіндер былқ етпей жата береді. Міне, тиіндер қауымының ынтымақтастық қасиеті осылай.

(А. Синявский.)

1. Тиін жылы кезде қалай өмір сүреді?
2. Тиіндер неге топтасып алады?
3. Тиіндер қандай қасиетке ие екен?

ҚОҢЫР ҚОШҚАР

Қыстыгүні бір малшы қора сыртында қойларына шөп шашып жүрген.

Алғаш тастаған шөпке арқар мүйізді қоңыр қошқар бастаған бір топ қой-ешкі келіп жабылып жатқан.

Бір уақытта оған өңкілдей желіп, таудай қызыл қасқа бұқа да жетті. Ол келе салысымен ашкөзденіп, қасындағы қой-ешкілерді қуа бастады. Олардың бірін тұмсықпен, бірін мүйізбен қағып, қатарындағы бөрте ешкіні бақыртып та жіберді.

Бұл кезде қоңыр қошқар қызыл қасқа бұқаның қарсы алдында тұрған еді. Бұқа «Сен де кет!» дегендей болып, оны да бір сүзіп қалды.

Қоңыр қошқар екі көзі ежірең етіп егесе кетті. Ол басын кекжите барып, қасқаны құлақ шекеден бір түйіп өтті.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Бұқа оны тап беріп, тағы бір сүзіп жіберді.

Енді қоңыр қошқардың әбден жыны келді. Ол артқа қарай шегіне берді, шегіне берді. Сөйтіп, он-он бес қадамдай шегініп барып, күшін жинап алды да, бар пәрменімен келіп қасқа бұқаны бүйірден қойып кеп жіберді. Бұндай соққыны күтпеген бұқа қалпақтай ұшты. Есеңгіреп қалған бұқа әрең дегенде қайта тұрды да, ыңырана пыш етіп, есін жиғандай болды. Енді ол нокдаун алып, зеңіп қалған басын шайқап-шайқап қойып, әукесі салбырап, бұл жерден аулаққа кетті.

Қоңыр қошқар бастаған қой-ешкілер қалған шөпке қайта келіп жабылды.

(Тұрдақын Жексенбай.)

1. Қасқа бұқа қайда келді?
2. Қасқа бұқа не істей бастады?
3. Қоңыр қошқардың жыны неге шықты?

«ДЕНСАУЛЫҚ САҒАТЫН» ҚОЛДАЙМЫЗ

Денсаулық сағаты осы жылдың ақпан айынан басталды. Оған күнделікті сабақ кестесінен бір сағат уақыт берілген.

Денсаулық сағаты өте бастаған алғашқы күндерден-ақ біз оның қаншалықты пайдалы

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

екеніне көз жеткіздік. Мысалы, бір-екі сабақтан соң шаршай бастайсың ғой. Сол кезде денсаулық сағаты өтсе, миың тынығып, көңіл-күйің көтеріліп, сабақ соңына дейін сергек жүресің. Әсіресе, бұл сағат мұғалімдер мен оқушылардың қарым-қатынасын одан әрі жақсарта түсуге көп септігін тигізуде.

Денсаулық сағатына бөлінген уақытта оқушылар мен мұғалімдер дене шынықтыруға арналған киімдерін киіп, стадионға шығады. Әркім көңілдері қалаған ойындарын ойнап, бой сергітетін жаттығулар жасайды. Қыс кезінде шаңғы теуіп, шанамен сырғанайтынбыз. Енді күн жылыған соң, мұғалімдерімізбен бірге бір сағаттық серуен ұйымдастырмақпыз. Сонымен қатар, денсаулық сағатында әр түрлі қызықты жарыстар мен қимыл-қозғалыс жаттығулары біздің сабаққа деген ынтамыз бен белсенділігімізді арттыра түсері сөзсіз.

Сондықтан да мектеп оқушыларына денсаулық сағаты өте қажет. Оны тек бір-біріне ұқсастырмай, жан-жақты етіп өткізсе, әсерлі де пайдалы болар еді.

(«Балдырған» журналынан.)

1. Ақпан айынан бастап қандай сағат өткізіле бастады?
2. Денсаулық сағатының қандай пайдасы бар?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ӘДЕПТІЛІК

1. Үлкен кісімен сөйлескенде, қолыңды қалтаңа салып тұрма. 2. Біреумен сөйлескен кезде, бетіне қадала қарап, тақалып тұрма. 3. Біреудің дүниелігіне таңдана қызығып, тесіле қарама. 4. Біреудің дүниесін өз бетіңмен аударыстырып, ақтарма. 5. Сынған, жоғалған нәрселерді айтып, өкіне берме. 6. Көзіңді орынсыз ойнақтатып, жан-жаққа алақтама. 7. Есікті қатты серпіп жаппа, тарсылдатып қақпа. 8. Жоқтан өзгеге түйіле берме. 9. Өзіңе қатысы жоқ сөзді естуге құмартпа. 10. Есікті тасаланып немесе табалдырықты басып тұрып сөйлеме.

(«Балдырған» журналынан.)

1. Жоғарыда оқыған тыйымдарға аса зор мән бер.
2. Бұл тыйымдарды жаттап ал.

ӘЖЕ

Қамқа кемпір күндегісінен де ерте оянды. Таң енді бозарып келеді екен. Сипалап жүріп түнде бас жағына тастай салған пальтосын тауып алды. Қақпақты көк шелекті қолына ұстап үйден шықты. Кеше кешкісін қар қы-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

лаңдап еді, түнге қарай жаңбыр жауыпты. Қамқаның соңынан қалпағын қисайта киіп сүт кезегінің алдын бермейтін қара бала қуып жетті. Өзі тым үйірсек. Кемпір:

— Осы сен қайда тұрасың, қарағым? — деп еді.

— Ана-ау-у жақта, — деп қолын қалың бау ағаштарының арғы жағына сілтеді. — Апам ауру, көкем түнгі кезекте істейді. Таңертең өзім тұрамын,— дейді.

— Е, айналайын-ай, қайтесің енді, — деп кемпір оны қатты аяп кетті.

Екеуі жол-жөнекей әңгімелесіп, сүт сататын жерге келді. Кезекте тұрғандар біртіндей тарасып жатты. Шуылдасқан жұрттың ара-арасымен балаға ере Қамқа кемпір де топтан шықты.

— Әже, жайлап жүріңіз, — дейді бала алдында келе жатып. Өзі тіпті көңілді.

— Әже, сүтке күнде бірге барып тұрайық-шы, — дейді. Шын ықыласымен айтып тұр. Кемпір оны бұрынғыдан да жақсы көріп кетті.

(Төленді Нұрмұхамедов.)

1. Әже қайда аттанды?
2. Оған кім серік болды?
3. Кемпір баланы неге жақсы көріп кетті деп ойлайсыңдар?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

АЯҚТАЛМАҒАН ОЙЫН

Ауылдың шеті. Қарлы төбешікке су құйылып, сырғанақ жасалған. Бірнеше бала сырғанақ теуіп жүр. Олардың ішінде ағалы-інілі Ақан мен Асан да бар. Екеуі бір шанаға отырып алып, таудан төмен зымырайды. Беттері қызара бөртіп, сырғанақ ойынынан жалығар емес.

Ақан мен Асан тау басына шықты. Шананың алдына Асан отыратын. Ол абайсызда шанадан айрылып қалды. Бос шана төмен қарай сырғанай жөнелді. Алысқа барып бір-ақ тоқтады.

— Ақан, сен барып шананы алып кел, — деді інісіне Асан.

— Мен бармаймын! Шанаға ие бола алмаған өзің, сен бар, — деді Ақан.

— Жоқ. Сен барасың! Сен менен кішісің, — деді Асан.

— Бармаймын. Үлкен болып сен не бітірдің? Шананы үнемі мен сүйретуім керек пе?

— Бармасаң, сырғанақ тепкізбеймін! Сырғанақ тепкісі келген адам шананы да сүйретуі керек.

Сөзі өтпеген Асан ашуланып, төменге түсті. Шананы жетектеген бойы тауға емес, үйіне қарай бет алды.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ақан енді не істерін, кіммен ойнарын білмей, тау басында қаққан қазықтай қақшиып тұрып қалды.

Бір-бірінің тілін алғысы келмеген ағалы-інілі Асан мен Ақанның ойыны осылай аяқталмай қалды.

(М. Төрежанов.)

1. Ақан мен Асан төбешікте не істеуден жалығар емес?
2. Асан неге ашуланды?
3. Неліктен ойын аяқталмай қалды?

Мақал

Ойланбаған от басады.

Жұмбақтар

Жазда жатса тыныстап,
Дейді қыста жұмыс тап.
Тауға шықсаң, жетекте,
Қашады алып етекке.

(Ш…а)

Аппақ болып келбеті,
Көрінбейді жер беті.

(Қ…с)

Суыққа тоңбайды,
Ал ыстықта оңбайды.

(М…з)

(«Балдырған» журналынан.)

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

БІЗБЕН БІРГЕ

Сыртта боран шулайды,
Қарды үйіріп, қуалап.
Әлсін-әлсін тыңдайды,
Терезеден сығалап.

Бізбен бірге жүгіріп,
Ойнағысы келе ме?
Жаңа жылды бірігіп,
Тойлағысы келе ме?

(Сағи Жиенбаев.)

1. Сыртта не соғып тұр?
2. Терезеден не сығалайды?
3. Өлеңді жаттап алыңдар.

Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қыс туралы қандай өлеңдер мен әңгімелерді білесіңдер?
2. Қыс туралы өлеңдерді жатқа айтыңдар.
3. Қыс туралы сурет салыңдар.
4. Қыста қайда және қандай ойындар ойнайсыңдар?
5. Мұз үстінде хоккей ойнайсыңдар ма?
6. «Қыс» деген тақырып бойынша шағын әңгіме жазыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ТУҒАН ЖЕР — АЛТЫН БЕСІГІМ

ӨЗБЕКСТАН

Ағарып атқан ақ таңы,
Ақ алтынды — мақталы,
Қақтаған күн аптабы,
Ғажап өлкем,
Азат өлкем —
Өзбекстан! Өзбекстан!
Байлық толы кең далаң,
Гүлге оранған Ферғанаң.
Сұлу, көркем айналаң.
Жыр-әнің мол,
Шуағың мол,
Өзбекстан, Өзбекстан!

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ташкент қала арайлы
Күнге күле қарайды.
Мәңгі көктем мекені,
Ертегі өлкем,
Көркем өлкем —
Өзбекстан, Өзбекстан!

Самарқант бай бағымен,
Сәулетімен, сәнімен.
Байлығыңды тасытқан
Ұл-қызың мол,
Жұлдызың мол,
Өзбекстан, Өзбекстан!

(Полат Момын.)

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.
2. Республиканың мақталы өлке екеніне назар аударыңдар.
3. Өлеңде Ташкент, Ферғана, Самарқант қалаларының қалай дәріптелгенін мұғалімнің көмегімен талдаңдар.

ОТАН РИЗА

Атаң риза, Отан риза,
Ұлдарым мен қыздарым.
Отан риза, атаң риза,
Білем өшпес із барын.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Жақсы перзент туған жердің
Жарасымы дейді екен.
Жақсы перзент думанды елдің
Қарашығы дейді екен.

Атаң риза, Отан риза,
Ұлдарым мен қыздарым.
Отан риза, атаң риза,
Білем өшпес із барын.

(Есен Рахымов.)

1. Өлеңде Отан жайлы қандай пікір айтылған?
2. Өлеңнен кімдердің ырза болғанын білдіретін сөздерді тауып оқыңдар.
3. Өлеңді жаттап алыңдар.

БІЗ — ӨМІРДІҢ ГҮЛІМІЗ

Зеңгір көктен
Нұрын төккен,
Ортақ біздің күніміз.

Жайнап өскен,
Жайдары өскен
Біз — өмірдің гүліміз.

Бал достыққа,
Жолдастыққа

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Шақырады әніміз.
Тыныштықта,
Нұр құшақта
Бақыттымыз бәріміз.

(Әнуарбек Дүйсенбиев.)

Өлеңді жаттап алыңдар.

ТУҒАН ДАЛА

Мезгіл келіп жеткенде,
Сыбызғылы, сырнайлы.
Күн мейірін төккенде,
Бозторғайлар жырлайды.

Ақ жаңбырға шомылып,
Туған жердің алабы.
Қызғалдаққа көміліп,
Көздің жауын алады.

(Ескен Елубаев.)

Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Жұмбақ

Әрі қызыл, әрі қатты,
Татқан жанды таңырқатты.

(А..а)

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҚОҢЫР БӘТЕҢКЕ

Қанатқа көкесі су жаңа бәтеңке әкеп берді. Табаны ақшыл сары, үсті қоңыр. Балалар бұған қатты қызықты.

— Қандай әдемі!

— Жылтырауын-ай!...

Қанат та күтіп киді. Суға салып батпақ кешкен жоқ. Жұмсақ шүберекпен сүртіп қояды. Көкесі мұны көріп:

— Киімге осылай ұқыпты бол, — деп мақұлдайды.

Неге екені белгісіз бір аптадан кейін су жаңа бәтеңкенің табаны қопси көтеріліп шыға келді. Қанаттың іші ашыды. «Қап, көкемнен ұят болды-ау... Күтіп кимегенсің, мектепте доп тепкенсің...» — дейді ғой.

«Не істеу керек? Қанат сәл ойланып тұрды да, үйдегі резина желімі есіне түсіп, қуанып кетті. «Көкеме көрсетпей, желімдей қояйын», — деп ойлады. Резина желімін бәтеңкенің ажырап кеткен табанына жақты. Үстін ауыр затпен бастырып тастады. Бірер сағат өткеннен кейін алып қарап еді, жабысқан сияқты көрінеді. Мұны үйде ешкім сезген жоқ. Сол күні үнсіз сабаққа кетті. Екі-үш күнге дейін осылай жүрді.

Төртінші күні көкесі қасына шақырды. Ұрысқан жоқ. Бәтеңкені қолына алып тұрып:

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Сапасыздықтың, шалағайлықтың кесірі ғой, — деді.

— «Шалағайлық» деген не? — деп сұрады Қанат.

— Шалағайлық — ұқыпсыздық. Өз міндетін немкетті істеп, солақ қарау... Мәселен, кеше сен қозыларға шөп салдың. Бірақ ұқыпты істемей, шөпті шашып кетіпсің. Міне, бұл шалағайлық! Сенің бәтеңкеңді де жеңіл-желпі, шалағай желімдей салған. Соның кесірінен су жаңа киім бір-екі аптада-ақ жарамсыз болып қалды...

Қанат кеше қозыларға шөп салғандағы шалағай ісіне қатты ұялды... Көз алдына фабрикадан тізбектеле шығып жатқан бәтеңкелер елестеді. Сол арада өзі жұмыс істеп тұрғандай, тұла бойы құлағына дейін дуылдап бара жатты.

(Әшірбек Амангелдиев.)

1. Қанатқа көкесі не әкеп берді?
2. Қанат бәтеңкені қалай күтіп киді?
3. Бір аптадан кейін бәтеңкенің табаны қандай болды?
4. Қанат бәтеңкені қалай желімдеді?
5. Қанаттың көкесі бәтеңкені қолына алып қандай қорытынды жасады?
6. Қанат неліктен ұялды?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҚАРА АЛТЫН ДЕГЕН НЕ?

Алтын дегеніміз не? Алтын — сары түсті асыл металл. Сондықтан адамдардың тіршілігі үшін өте қажет астықты «алтын дән», «алтын астық» дейді. Ал кәдімгі ақ ұлпа мақтаға «ақ алтын» деп ат қойған. Өйткені ақ мақтадан жіп иіреді. Ал жіптен мата тоқиды. Ал матадан неше түрлі киімдер тігіледі.

Қара алтын деген не? Ол — көмір. Көмірдің түсі қара, бірақ пайдасы өте мол. Көмірмен үй жылытады. Көмір электр жарығын береді. Өздерің көретін түрлі мультфильмдер, қызық кинолар электр қуатымен беріледі. Зауыт, фабрикалар, ондағы станоктар — бәрі электр қуатымен жұмыс істейді.

Егіс даласындағы трактор, комбайн, автомобильдер, аспанда ұшып жүрген ұшақ, ракеталар зауытта жасалады. Бұларды жасау үшін темір рудаларын үлкен пештерде қорытады. Құрыш қорытушының домна пешіне жағатыны — көмір.

Сондықтан халқымыз көмірді «қара алтын» деп атайды.

(Бейбіт Қойшыбаев.)

1. Әңгіме не жайлы екенін түсіндіріңдер.
2. Көмірді неліктен қара алтын дейді?
3. Көмірдің қалай пайдаланылатынын айтып беріңдер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ТАШКЕНТ МЕТРОСЫ

Астанамыздағы жерасты пойыздарының қатынасы Орталық Азияда жалғыз ғана. Мұның құрылысы 1972 жылы қараша айында басталған еді. Бес жыл өткен соң бірінші жерасты жолы Алмазар станциясы мен Әмір Темір гүлзары аралығын байланыстырды. Бұдан кейін «Буюк Ипак йўли» станциясына дейінгі бөлігі пайдалануға тапсырылды. Бұл «Чиланзар тармағы» деп аталды.

Метро құрылысшылары жұмысты қарқынмен жалғастыра берді. Екінші — «Өзбекстан» бағытын да бітіріп, қалалықтар алғысына бөленді. Сегіз жыл бойы «Юнусабад тармағы» салынды. Оның

Әлішер Науаи бекеті

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ұзындығы 7 километрден асады. Осы бағытта «Минг ўрик», «Юнус Ражаби», «Абдулла Қодирий», «Минор», «Бадамзор», «Хабиб Абдуллаев» станциялары бар.

Метро іші жазда 27, қыста 13 градус жылылықта сақталып тұрады. Онда темекі шегу, балмұздақ жеу, суретке түсу мүмкін емес.

(Құдірет Рахмет.)

1. Ташкент метросының құрылысы қашан басталды?
2. Метроның қандай станциялары бар?

ЖҰМЫС

— Ал, енді тынығайық, — деді тамақтан кейін біраз отырып әңгіме қозғаған атасы сөзін доғарып, орнынан ырғала түрегеліп. — Ертең ерте тұрып, шөпке баруым керек.

Керім де қозғалып:

— Ата, мені де ертерек, өзіңіз тұрғанда оятыңызшы! — деді.

— Неге? — деп күлді атасы.

— Ертең мектепке барамын ғой?!

— Ә, айтпақшы, солай екен-ау, оның да дұрыс, — деді атасы Керімді қоштап. — Жарайды, оятайын.

— Қарағым-ау, сен қайда асығасың? — деп таңданып қалды әжесі. Әлденеге асыққан

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

немересінің соңынан қарады. Керім артына бұрылып, түсінік берді:

— Әже-ау, ертең бірінші қыркүйек — менің оқуым басталатын күн емес пе?!

— Ә, солай ма, айналайын!.. — деп, ойға шомды әжесі. — Өтіп бара жатқан уақытты сезбейді екенбіз-ау...

Керім үнсіз қалған әжесінің көңілін аулағандай жап-жапсарды толық баяндады:

— Мана мектепке барып, Кәрима апаймен сәлемдесіп қайттым. Атам ешқашан кешікпейді ғой. Мен де сабақтан кешікпейін!

— Дұрыс, балам! — деді атасы Керімді қапсыра құшақтап. — Қандай жұмыс істесең де, қайда жүрсең де тиянақты, тындырымды болып үйренгенің жөн. Ер жігіт ылғи да сергек болуы керек!..

(Қ. Толыбаев.)

1. Атаға Керім не деп өтініш жасады?
2. Керім неге асықты?
3. Керім неге уәде берді?
4. Әрқашан сендер де сергек болыңдар.

ҚАРА СӨЗДЕР

Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді. Адам баласын замана өсіреді. Адал еңбекпен мал іздемек — арлы адамның ісі.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Надандық — білім-ғылымның жоқтығы. Дүниеде еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Еріншектік — күллі дүниедегі өнердің дұшпаны.

(Абай.)

1. Абай сөздерінің мәнін сен қалай түсінесің?
2. Абайдың басқа да қара сөздерін тауып оқыңдар.
3. Абай нақылдарын жаттап алыңдар.

ТӨЛЕ МЕН ӘНЕТ

Алдына сәлем бере және елді ынтымақтастыру жөнінде келген Төлеге Әнет баба:

— Садақтың алты бірдей оғын бірден сындырып көрші, — дейді.

Төле бірден бір буда шыбықты қайдан сындырсын?! Шыбықтарды Әнет бабаға қайтарып:

— Айып етпеңіз, бұл жұмбағыңызды түсінбедім, Әнет баба, — депті ол. Сонда Әнет баба мынадай өсиет айтыпты:

— Төлежан, ешқашан да өзімшіл болма, көптің айтқанын тыңда. Көптің айтқанын тыңдасаң, көп те сенің айтқаныңды орындайды. Көп болсаңдар, өзара ынтымақта болсаңдар, сендердің белдеріңді де ешкім сын-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

дыра алмайды. Ал әрқайсың жеке дара болып ынтымақтарың жараспайтын болса, мына жеке шыбықтарды сындырған секілді әркім-ақ бірліктеріңді бұзып, берекелеріңді кетіреді.

(«Балдырғаннан».)

1. Төле Әнет бабаның алдына не үшін, қай мақсатпен келді?
2. Әнет баба қандай өсиет айтты?
3. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығар» дегенді қалай түсінесіңдер?

ҚАЗЫБЕК БИ

Қазыбек беріде елге белгілі болған кезде, бір балаға дауласып екі әйел келіп жүгінеді. Әйелдердің бірі:

— Мынау баламды мен есін білмейтін жас күнінде жоғалттым, соны мынау әйел тауып алды ма, әлде ұрлап алды ма, оны білмеймін, әйтеуір асырап алыпты. Бүгін танып сұрасам, «Өз балам!» деп бермейді, — дейді.

Екінші әйел тұрып:

— Балам өзімдікі, өзім таптым. Мынау босқа жармасып тұр, — дейді.

Қазыбек екі әйелдің сөздерін тыңдап болып, біраз ойланып отырып қалады. Содан кейін:

— Бірің баланды жоғалтқаныңды, енді бірің тапқаныңды растап шығарлық мұнда басқа

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

куә жоқ. Сондықтан мынадай билік еткім келеді, — дейді де, баланың екі қолынан екі әйелге ұстатып қойып, қара балтаны ұстап көтеріп тұрып: «Екеуіңе қара қылдай қақ бөліп беремін, осыған ризасыңдар ма?» — дейді. Сонда балаға ие болып жүрген әйел:

— Біреуге тірі кеткенше, жартысы болса да, өзімде қалсын, бөлсең бөл! — деп, безеріп тұрып алады. Ал баланы таныған әйел:

— Ойбай, биеке-ай! Қайда жүрсе де, тірі болсын, шаба көрмеңіз! — деп безек қағады. Содан барып Қазыбек:

— Бала мына жоғалтқан әйелдікі, өйткені ол баланың тірілігін тілеп тұр, баласын өзіне бер, — деп билік айтады.

1. Екі әйел не үшін Қазыбектің алдына келді?
2. Бірінші әйел баладан не себепті айрылып қалды?
3. Бала қалай өз анасына берілді?

АЗАМАТ

Бірде Жиренше серіктерімен алыс жолдан келе жатады. Ауылына жақындағанда жолдастарының бірі:

— Жиренше, үйіңде ұлың бар ма? — дегенде, ол:

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Е, болғанда қандай! Жігіт болған азаматым бар, — дейді.

Осы кезде төрт жасар бала кісілердің алдына жүгіріп шығады. Мұны көрген жолдастары:

— Е, немерең де бар екен ғой, — деседі.

Сонда Жиренше тұрып:

— Үлкені де осы, кішісі де осы, — депті. Мұнысына жолдастары:

— Әй, Жиренше-ай, осыны да азаматым бар деп, әлдеқандай етіп айтасың-ау! — дейді көңілдері толмай.

Сол сәтте Жиренше қолындағы қамшысын жерге тастай салып, ұлына «Алып бер» депті. Ұлы еңкейіп, қамшыны көтеріп әкеп, әкесіне береді. Сонда шешен жанындағыларға қарап:

— Міне, азамат деген осы емес пе? Егер бұл балам болмаса, қамшымды кім алып берер еді? — деген екен...

(«Ел аузынан».)

1. Жиреншеге жолдастарының бірі не деді?
2. Жиренше қандай жауап қайтарды?
3. Жиренше жерге нені тастады?
4. Қамшыны Жиреншеге кім әперді?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН

Бір күні хан нөкерлерін ертіп, серуенге аттаныпты. Еріккен ханға ермек, қасына Жиреншені шақырып алып, сампылдап әңгімені соғып келеді. Күн желдеу болса керек. Бір адырдан аса бергенде, ханның алдынан жел қуған бір түп қаңбақ домалап, ұшып бара жатады.

— Уа, Жиренше, анау қайдан келеді, қайда барады екен? Сұрап келші! — дейді хан.

Жиренше шауып ала жөнеледі: жетіп барып, қаңбақты қамшымен ұрып тоқтатып, біраз бөгеледі де, аздан кейін қоя беріп, ханға қайтып келеді. Жел қуған қаңбақ бөгелсін бе, домалай жөнеледі.

— Уа, Жиренше, сөйлестің бе, не айтты қаңбақ? Қайдан келеді екен, қайда барады екен делеңгейленіп? — дейді хан.

— Сөйлестім, тақсыр! Сөгіп салды өзімді, — деп жауап береді Жиренше.

— Ал, айт қаңбақтың не дегенін?

— Тақсыр, соны сұрап не қыласыз? «Желдің өтінен шықтым, ығына қарай ығып барам: желге ұшам, сайға қонам, оның несін сұрайсың? Білмеуші ме едіңдер? Ұшарымды жел біледі, қонарымды сай біледі. Осыны сұрата жіберген хан ақымақ па, сұрай келген

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

сен ақымақ па?» — деді де, қаңбақ ұша жөнелді, тақсыр, — дейді Жиренше.

Хан ұялғанынан ешнәрсе дей алмай қалыпты.

(«Сөз тапқанға қолқа жоқ».)

1. Еріккен ханға не керек?
2. Қаңбақ қайда ұшып бара жатыр еді?
3. Ханға Жиренше не деп жауап қайтарды?
4. Хан неге ұялды?

БАЛА БИДІҢ БІЛГІРЛІГІ

Бала би қартайған шағында елінің игі жақсыларымен кеңесіп отырып: «Жерден ауыр не, судан терең не, оттан ыстық не, көктен биік не?» — деп сұраған екен.

Бұған ешкім ауыз тұщырлықтай жауап бере алмапты. Сонда Бала бидің өзі шешіп берген екен дейді:

Жерден ауыр дегенім — ақыл-білім.
Судан терең дегенім — оқу-ғылым.
Оттан ыстық дегенім — адамның өмірі.
Көктен биік дегенім — тәкаппардың көңілі.

(«Ел аузынан».)

1. Бала биден ел жақсылары не сұрады?
2. Бала би сұрақтың шешімін не деп шешті?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ТҮЛКІ МЕН ЕШКІ

Бір түлкі жүгіріп келе жатып, абайсызда бір терең апанға түсіп кетіпті. Шығайын десе, шыға алмай тұрғанда, ешкі су іздеп жүріп, әлгі апанға келіп, түлкіні көріп:

— Әй, түлкі батыр, неғылып тұрсың? — депті.

Түлкі айтты:

— Ой, неғыласың, батыр, жаным жай тауып тұрмын, қырда әрі сусап, әрі ыстықтап өліп едім, апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұптұнық суы бар екен, — деді.

Мұны естіп ешкі: «Мен де салқын су ішейін», — деп, секіріп апанға түскенде, түлкі-екең секіріп ешкінің үстіне мініп, онан мүйізіне секіріп қырға шығып, жөніне кетті дейді.

(Ы. Алтынсарин.)

1. Мәтінге жоспар жасаңдар. Әңгіменің мазмұнын жоспарыңмен салыстыр.
2. Мәтінді өзің жасаған жоспармен әңгімеле.

ТУҒАН ЖЕР

Тымық күнде жырға еліттім,
Дала жайлы жанға аса.
Ауық-ауық үрген иттің
Марғау үні болмаса.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Туған жерді сан жырладым,
Сала алмадым өрнегін.
Туған жерден алдым бәрін,
Татымады бергенім.

Кейде солай толғанамын,
Парызым ғой ол-дағы.
Тыныштығы сол даланың
Бұзылмаса болғаны.

(Нұртай Ерназаров.)

Мақалдар

Өледі ерлер елім деп,
Туып-өскен жерім деп.

* * *

Туған жер, ешбір жер жоқ сенен ыстық,
Себебі сенде туып, сенен ұштық.

* * *

Туған жер — алтын бесігің.

* * *

Туған жерің — тұғырың.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

* * *

Отан — оттан да ыстық.

Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Республикамыз туралы жазылған қандай өлеңдерді білесіңдер, еске түсіріңдер.
2. Отан жайлы білетін өлеңдеріңді жатқа айтып беріңдер.
3. Республикамыздың қалалары жайлы не білесіңдер?
4. Ташкент метросының қандай станциялары бар?
5. Абайдың қандай қара сөздерін білесіңдер?
6. Туған жер туралы айтылған мақал, мәтел, тақпақтарың бар ма?
7. «Менің республикам» деген тақырып бойынша шағын мазмұндама жазыңдар.
8. Тыныштық деген сөзді қатыстырып сурет салыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАП, АЯЛАЙЫҚ!



Табиғатпен саналы байланыста болыңдар.

Табиғатқа көз қырын тастап жүрсеңіз, көп нәрселерді біліп аласыз.

(Әбу Әли ибн Сина.)

ШАЛҒЫН

Жас шалғынға шалқамнан
Аунай кеттім жапырып.
Сипалайды арқамнан
Алақанын батырып.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Еркелейді гүлдері,
Орала қап мойныма.
Толтырады қыр желі
Қуанышын қойныма.

(Құрманбай Толыбаев.)

Өленді жаттап алыңдар.

ЖАУ, ЖАҢБЫР

Жау, жау, жаңбыр, жау, жаңбыр,
Дұрыс жауып тұрсың сен.
Жауған жаңбыр — жауған нұр,
Ырыс жауып тұрсың сен.
Жауған жаңбыр — жауған жыр,
Жеміс жауып тұрсың сен.
Тамшы, тамшы, тамшыдан
Пүліш жауып тұрсың сен.
Тал, шынардан, тамшыдан
Күміс жауып тұрсың сен.
Жау, жау, жаңбыр, жау, жаңбыр,
Бұлттың сүтін сауған қыр.
Жүрегімнен лаулап жыр,
Ақ сағыммен аунап жүр.
Жау, жау, жаңбыр, жау, жаңбыр!

(Өмірзақ Қожамұратов.)

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

1. Жаңбырдың жауғаны — ол не?
2. *Ырыс, нұр, жеміс, пуліш, күміс* сөздерінің мағынасын мұғалімнің көмегімен біліп алып, сөздік дәптерлеріңе жазып қойыңдар.

ҚҰМЫРСҚА ЖӘНЕ ЖАҢБЫР

Далада ойнап жүрген Нұрқанат үйге жүгіріп келді.

— Мама, мама, сыртта жаюлы тұрған кірлерді алыңыз, — деді.

— Не болып қалды?

— Қазір жаңбыр жауады.

— Кім айтты саған?

— Өзім білдім.

— Қалай?

— Құмырсқалар ініне асығып кіріп жатыр.

— Оны кім үйретті? — деді шешесі таңданып.

— Атам айтқан. Қарлығаштар төмен ұшса, құмырсқалар ініне асықса, жауын жауады деген...

Шынында да көп кешікпей бұлт үйіріліп, көктен тамшы тама бастады.

(Әшірбек Амангелдиев.)

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

КЕМПІРҚОСАҚ

Жаңбыр жауып басылды,
Аспан шайдай ашылды.
Көкте қызыл-жасылды
Кемпірқосақ асылды.

Мектебімнің тойдағы
Қақпасындай әдемі.
Мың құбылып жайнады,
Қызықтырып әдейі.

(Мұзафар Әлімбаев.)

1. Жаңбыр жауып болған соң, не шайдай ашылды?
2. Көкте не көрінді?
3. Кемпірқосақтың суретін салыңдар.

КӨБЕЛЕК

Ақ қанатты көбелек,
Көк қанатты көбелек,
Қызыл қанат көбелек,
Бақшамызға келе кет.

Көбелек-ау, көбелек,
Бақшамызға келе кет!
Гүлдер, гүлдер көктесін,
Көбелектер көп келсін.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ақ қанатты көбелек,
Бақшамыздан кетпесін.
Көбелек-ау, көбелек,
Бақшамызға келе кет!

(«Балдырғаннан».)

1. Көбелектер — қандай жәндіктер?
2. Көбелектер қалай ұшады?
3. Көбелектер жауын жауып тұрғанда ұша ала ма?

ТОРҒАЙ АҒАШ ҚОРҒАЙДЫ

Шыр-шыр еткен торғайды,
Қорғамасаң, болмайды.
Кіп-кішкене торғайлар
Ағаштарды қорғайды.

Таспен атып торғайды,
Ұя бұзған оңбайды.
Құс өкпелеп кетеді.
Бақшамызға қонбайды.

(Жақан Смақов.)

1. Торғайлардың қандай пайдасы бар?
2. Торғайдың ұясын бұзуға бола ма?
3. Құстар — біздің достарымыз екенін ұмытпаңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ТАЗА БҰЛАҚ

Бір бұлақтың басында үш жолаушы бір-біріне кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шығып жатыр екен. Айнала қалың ағаш, жапырақтары бұлақтың үстіне төгілген, суы мұздай салқын, шыныдай мөлдір, өте таза бұлақ екен.

Бұлақтың қайнап жатқан көзіне жақын қазандай бір қара тасты қойыпты да, тасқа:

— Ей, жолаушы, болсаң, осы таза бұлақтай бол, — деп жазыпты. Үш жолаушы бұлақтан шөлдері қанғанша су ішеді, тастағы жазуға көздері түседі.

Сонда бір жолаушы тұрып былай дейді:

— Бұл жазылған ақыл сөз екен. Бұлақ күні-түні тынбай ағып, алыс жерлерге барады. Бара-бара кеңейіп, үлкейеді. Бұған жол-жөнекей кішкене бұлақтар қосылып, сүйте бара, үлкен өзен болып кетеді. Мұнан мынадай ғибрат алуға болады: Сен де, адам, тынбай қызмет қыл, еш уақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында сен де үлкейіп, мұратыңа жетесің дегені деп білемін, — дейді.

Сонда екінші жолаушы басын шайқап:

— Жоқ, мен олай ойламаймын, — дейді. —Бұл жазудың мағынасы сіздің ойлағаныңыздан гөрі тереңірек соқса керек, бұл бұлақ кім-кімге

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

болса да даяр, ыстықтағанды салқындатып, ра-қаттандырады. Сусағанның шөлін қандырады: ол үшін ешкімнен ақы дәметпейді. Олай болса, мұнан біреуге жақсылық етсең, ол жақсылы-ғыңды ешкімге міндет етпе деген ақыл бо-лады.

Жолаушының үшіншісі — көркем жас жігіт үндемей тұрады. Жолдастары: «Сен не ойлай-сың?» — деп сұрайды.

Жігіт:

— Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді. Бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұдан адамнан гөрі айуан ынтық болар еді. Бұлақ күні-түні тынбай ағып, тазаланып тұрғаны үшін бұған адам ынтық. Олай болса, бұл жазудың ма-ғынасы мынау: көңіліңді, бойыңды осы бұлақ-тай таза сақта. Бұлаққа қарасаң, күн түссе — күннің, шөп түссе — шөптің сәулесін көреміз. Ендеше, көңілің сол сияқты сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ғой деймін, — депті.

(Ыбырай Алтынсарин.)

Мәтінді оқып, мазмұнын әңгімелеп беріңдер.

БҰЛАҚ

Жағасында жас құрақ,
Жатыр тулап тас бұлақ.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Кілем төсеп шалғынға,
Әжем үйдің алдында
Қолға алыпты ұршығын,
Маңайда жоқ бір шыбын.
Жағалауды сабаттап,
Жылқылар жүр әлі оттап.
Неге жым-жырт тау анау?
Бұлақ басы ғажап-ау!

(Зейнолла Шүкіров.)

1. Бұлақ қалай ағып жатыр?
2. Әже үй алдында неғып отыр?
3. Маңайда нелер жүр?

ИНЕЛІК

Инелік-ау, инелік,
Үрейленбе иеніп.
Кел берірек, келе ғой,
Ұстамалық, тимелік.

Түрің сондай сүйкімді-ақ,
Нақ самолет моделі.
Қос қанатың жылтылдап,
Ұшқаның-ақ әдемі.

Өленді жаттап алыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

АУА РАЙЫН БОЛЖАУ

Мысық босағаны немесе ағаш тіреуді тырналап мазаланса, ауа райы қатты бұзылады, жел тұрады, яки боран болады. Мұндайда үй иелері «Боран шақырып тұр» деп мысықты зәбірлеп, ұрсып жатады. Бұл дұрыс емес, ол боран шақырып тұрған жоқ, күн райының *бұзылуын* хабарлап тұр.

Тауық биікте қонақтаса, жаңбыр болады.

Әтеш қыстыгүні бір аяғын көтеріп тұрса, аяз болады.

Жылқы ішін тартса, күн бұзылады, пысқырса, жаңбыр жауады.

Бозторғай ән салса, күн ашық болады.

(«Жиған-тергеннен».)

Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. *Шалғын* деген не?
2. Жаңбырдан соң, ауа қайтеді?
3. Көкте не көрінді? (күн, көгершін, кемпір-қосақ).
4. *Көбелектер* қай кезде ұшады?
5. *Торғайдан* басқа *құстарға* да зиян келтірме.
6. *Құстарды, инеліктерді* қорғай жүр.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

АЛТЫН ҰЯ — ЖАНҰЯ

ӘКЕМНІҢ ҚҰШАҒЫ

О, әкемнің құшағында болудың қандай рақат екенін білмейсіңдер ғой сендер! Оның кең де шымыр кеудесінен дала иісі, балауса шалғын иісі аңқиды. Ол үлкен қолдарымен басымнан еркелете сипайды, қолапайсыз саусақтарына кейде бұрымым ілініп қалады. Осы қолдар мені әуелетіп лақтырады. Қанша биік лақтырса да, ешқашан жерге құлатып көрген емес, лып еткізіп қайта тосып алады. Әкем мені сүйген кезде, сақалы бетімнен қытықтап, ішек-сілемді қатырады. Егер қолымды немесе саусағымды жазатайым бірдеңе сызып кетсе, әкем дереу сол жерді сүйіп алады. Сол кезде ауырғаны да сап басылады.

Мен әкемнің құшағынан бір сәтке де шығып кетуге қорқамын. Жерге түсе қалсам, бұл ыстық құшақты кішкентай інім иемденіп алатындай көрінеді.

Кейде біз үй-ішімізбен ағайындарға, ата-анамыздың достарына қонаққа барамыз. Қайда бармайық, үй ішінен біреулер әкемнің құшағына ұмтылады.

Әкемнің құшағына енуге құштар емес баланы күні бүгінге дейін кездестірген емеспін.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ал мен әкемнің құшағын ешкімге де қиғым келмейді. Ешкімге де!..

(Құдайберді Халлыев.)

1. Перзенттің әкесіне деген махаббатын аңғарыңдар.
2. Әкесі перзентін жақсы көретінін оның қай әрекеттерінен байқадыңдар?

ТУҒАН КҮН

Әкелді әжем
Табақтай торт.
Байқаймын, сезем —
Бірінші сорт!

Болды ғой әзір
Дастарқан жай.
Соңынан қазір
Береміз шай.

Себебін мұның
Біледі кім?
Себебі бүгін —
Мен туған күн!

(Мұхтар Құрманалин.)

1. Өлеңді түсініп оқып шығыңдар.
2. Сендердің туған күндерің қалай өтеді?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

АҒА АҚЫЛЫ

Айтты ағам:
«Келсе шамаң,
Қайсар, қайтпас болуға,
Мейлі он күн,
Дайын болғын
Далаға да қонуға.

Сен солдатсың —
Өр солдатсың
Ел бақытын күзетер.
Қиыр түзде
Қыста, күзде
Талай қиын сын өтер.

Сынға әркім
Шындап әр күн,
Бала кезден төселер.
Ал сол үшін
Інім, түсін
Шымыр болып өсе бер!»
Ағам солай
Айтты талай,
Солдат жайын бекемдеп.
Ал мен жүрмін

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

«Он сегізге
Қашан жетер екем?!» — деп.

(Жәнібек Кәрбозин.)

1. Ағаның ақылы қандай?
2. «Шымыр болып өсе бер» дегенін қалай түсінесіңдер?
3. Ал мен қандай ойдамын?

АУЛАДА

Күн жексенбі болатын. Жерде жылтылдаған қырбық қар бар. Есет қалың киініп, далаға шықты. Ол балабақшаға баратын. Жасы алтыда. Кенет Есеттің ойына Гүлнұр апайларының: «Балалар, ертең күн жексенбі. Үйлеріңде дем алыңдар. Таза ауада жүріп серуендеңдер», —деген сөзі түсті.

Ол қора маңында біраз жүрді. Денесі тоңазиын деді. Бір кезде көрші ауладан қар күреген адамның дыбысы естілді. Есет қорбаңдай басып, солай қарай беттеді. Бұл — көрші Әбен атай екен. Ол Есетті жылы шыраймен қарсы алды. Содан соң атай:

— Балам, анау күректі алып келіп, маған жәрдемдесші, — деді.

Есет жүгіріп барып, кішкене күректі алып келді де, атайға көмектесе бастады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Әне, балам, әп-сәтте жылындың да қалдың. Мен сенің аулада қорбиып, тоңып тұрғаныңды мана көргенмін. Қайтер екен деп едім. Жақсы бала екенсің. Өркенің өссін! — деді.

Есет ертеңіне балабақшаға қуана кірді.

Ол Гүлнұр апайына болған жағдайды айтқанша асықты.

(Әбдіманап Тасболатов.)

1. Есеттің ойына не түсті?
2. Есет Әбен атайға қандай көмек берді?
3. Есет ертеңіне балабақшаға неліктен қуана кірді?
4. **Көмектесе, қорбиып, серуен, әп-сәтте** деген сөздерді сөздік дәптерлеріңе көшіріп жазыңдар.

ҰШҚЫШ БОЛАМ

Көкке ұшамын —
Ұшқыш болар баламын.
Соңына ерем
Гагариндей ағаның.

Батыр болам —
Көк аспанды сүйемін.
Жұлдыздарға
Барып-келіп жүремін.

(«Балдырғаннан».)

Өлеңді жаттап алыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

НЕМЕРЕ ОЙЫ

Күлтай әжем қартайғанда
Шай қайнатып беремін.
Дүкен барып, тұрып таңда
Әкеп берем керегін.

Сары май ма,
Айран ба әлде,
Әлде сүт пе керегі?
Әкелемін бәрін демде
Ренжітпей мен оны.

Есебін де шығарам ойша,
Келем үйге қарбыз да ап.
Ұсақ тиын
Қала қойса,
Жей салармын балмұздақ...

(Тұманбай Молдағалиев.)

Өлеңді жаттап алыңдар.

ҚҰЛАҚ

Қонақтардың алдына
Былбыраған бас келді.
Бір ақсақал алды да,
Сыйлап жатыр басқа елді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Қыңқылдадым атама:
— Құлақ, құлақ, құлақ! — деп.
Аунай бердім жата қап,
Жұрт алдында жылап көп.

Ақырында қолыма
Тиді қойдың құлағы.
Атам кейін сорыма...
Құлағымды бұрады.

(Жәнібек Кәрбозин.)

1. Өлең не жайлы жазылған?
2. Өленді жаттап алыңдар.

Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Алтын ұя — жанұя» дегенде нені түсіндің?
2. Неліктен әке құшағын ешкімге қиғымыз келмейді?
3. «Шымыр болып өсе бер?» дегенді қалай түсінесіңдер? Сен қандай ойдасың?
4. Аулада Есет Әбен атайға қандай көмек берді?
5. «Алтын ұя — жанұя» тақырыбына шағын мазмұндама жазыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ШУАҚТЫ КӨКТЕМ

КӨКТЕМ ДЕГЕН НЕМЕНЕ?

— Көктем деген немене?
— Көктем деген көп жаңбыр.
Әнге салып әуеде,
Қарлығаш ол тұрған бір.

Көктем деген — ашылған
Бұлақтардың көзі ғой.
Ақ тұманның басында
Жаңа туған қозы ғой.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Көктем деген, балалар,
Құлыншақ қой зулаған.
Еркелеген далаға
Құрық салсаң, тулаған.

Көктем деген қыстайғы
Әніміз ғой айтатын.
Көктем деген құстар ғой
Туған жерге қайтатын.

(Т. Молдағалиев.)

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.
2. Өздеріңе ұнаған шумағын жаттап алыңдар.
3. Көктемде ауа райында қандай өзгерістер болады?

СЕГІЗІНШІ НАУРЫЗ — ӘЙЕЛДЕР МЕЙРАМЫ

АНА ТУРАЛЫ ЖЫР

(Әні бар)

Әлемнің жарығын
Сыйладың сен маған,
Даланың әр гүлін
Жинадың сен маған.
Сен бердің құстардың
Қанатын самғаған.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Балалық құштарым —
Өзіңе арнағам.

Әлдилеп, аялап,
Өсірген жемісің,
Самал жел, сая бақ —
Құшағың мен үшін.
Есейіп кетсем де,
Мен саған сәбимін.
Көңіліңді көктемдей
Көзіңнен танимын.

Өтеуге борышым,
Анашым — жан сырым,
Іздедім сен үшін
Әлемнің асылын.
Әлемнің байлығын
Сыйлар ем, кеш мені,
Сыйлар ем ай, күнін
Қолыма түспеді.

Ете гөр қанағат,
Әзірге берерім —
Балалық махаббат,
Балалық жүрегім.

(Ғафу Қайырбеков.)

Өленді жаттап алыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

АҚ МАМАМ

Ел жатқанда, жатпаған,
Мен деп тыным таппаған.
Бақыты үшін балаңның
Аман-сау бол, ақ мамам.

Күлімдеген көзіңнен
Күн мейірімі сезілген.
Бұл жалғанда балаға
Жақын жан жоқ өзіңнен.

Көрсетемін күллі елді,
Жарық етем түндерді.
Өсіріп, мен сыйлаймын
Жұрт көрмеген гүлдерді.

(Әнуарбек Дүйсенбиев.)

Өленді жаттап алыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ТУҒАН КҮН

(Әңгіме)

Бекболат мамасының туған күніне не сыйларын білмей, кәдімгідей-ақ қиналып жүрді. Мамасы не нәрсені ұнатушы еді? Әрі ойлап, бері ойлап, ақыры тапқан сияқты.

Бірде мамасы Бекболаттың жейдесіндегі үзілген түймені көріп:

«Мына түймеңді қадап алу қолыңнан келмей ме? Бір өзім қай жағына жетемін? Осындай ұсақ-түйекпен жүйкемді жұқартпасаң да болады ғой», — деп ренжіген. Бекболат: «Түйме қадайтын қыз емеспін ғой», — деп қалған. «Дастарқан дәмі мынау қыздардың, мынау ұлдардың тағамы деп бөлінбейді ғой. Үй шаруашылығына келгенде неге даралана қаласың?» Мұны айтқанда мамасының даусы дірілдеп, кемсеңдегендей болды. Бекболат сонда мамасын қатты аяған еді.

Содан бері үйде мамалары жоқта қолына инежіп алып, майда-шүйде тігуді үйреніп жүрген.

Бекболаттың есіне осы жай түсті де, бір кішкене ақ матаға бес-алты қара түймені екі жол етіп қадап қойды.

Бекболат мамасының туған күніне өз саусағынан шыққан өнерін ұсынған. Мамасы

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Бекболат ойлағандай емес, сыйлыққа керемет риза болды: «Міне, мұнан артық сыйлықты ойлап табыңдаршы! Ананың айтқан ақылы далаға кетпей, баласының санасына жеткенінен артық не бар?! Бірақ, балам, ине-жіпке сақ болғайсың, оны бірден ырқыңа көндіріп алу оңай емес. Асып-сасып кез келген жерге тастап кетіп жүрме».

Мамасының туған күніне жиналған қонақтар да сыйлықты жер-көкке сыйғызбай мақтады.

(Роза Әбілқадірова.)

1. Бекболат мамасына қандай сыйлық берді?
2. Бекболаттың сыйлығы көпшілікке ұнады ма?
3. Сендерге ше?

СЕГІЗІНШІ НАУРЫЗ КҮНІ

Үлкенмін ғой мен енді,
Жудым бүгін еденді.
Апаларға арналған
Жаттап алдым өлеңді.

Өлең айтып беремін,
Нан да алып келемін.
Өйткені мен мамамды
Өте жақсы көремін.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Бүгін «бестік» баға алдым,
Тағы, тағы алармын.
Үздік оқу —
Тартуым
Мейрамына мамамның!

С. Оспанов

Өленді жаттап алыңдар.

ҚҰЛЫП

(Әңгіме)

Самалдың әкесі ол кезде астанада оқитын. Өзі анасымен екеуі ұжымшарда тұратын. Анасы мұғалима еді.

Бұлардың пәтері мектептің тура бет алдында — жақын еді де, балалардың үзіліске

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

шулап шыққаны, қоңырау үні естіліп тұратын.

Бұндайда Самал анасы келмей тұрып оянса, сыртқа шыға алмайды да, қымбатты анасының қашан көрінуін аңсап, терезе алдында қонақтап отырады.

Бір кезде мектептен анасы шығып келе жатады. Оны көріп, Самал қуанғаннан қолын шапалақтайды. Терезе алдындағы қызы көзіне шалынысымен анасы да үйге құрақ ұшып жетеді. Әйнектің сыртынан Самалды шөп еткізіп сүйген нышан білдіреді де, құлыпты тез ашып, үйге кіріп келеді. Жарты сағат көрмесе сағынысып қалатын ана мен бала бір-бірінің мойнына асылып, аймаласып жатады.

Бір күні анасы ерте тұрып, есікті сыртынан бекітіп кетейін десе, құлып жоқ. Іздеп-іздеп таба алмайды.

Осылайша ұшты-күйлі жоғалған құлып арада бірнеше күн өткеннен кейін ойламаған жерден пештің ішінен табылады. Сонда Самалдың анасы қайран қалып:

— Бұны мұнда кім қойды екен? — деп сұрайды.

— Мен қойғанмын, — деп жауап береді Самал.

— Неге? — деп сұрайды анасы.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Таңертең сен мені сыртымнан бекіте алмасын деп.

(Бердібек Соқпақбаев.)

1. Әңгіменің мазмұнын түсініп оқыңдар.
2. Самал анасын қаншалықты сүйетінін байқадыңдар ма?
3. Ол құлыпты неге жасырып қойды?
4. Анасы бұған ренжіді ме?
5. Ана мен бала махаббатын қалай түсінесіңдер?

Мақалдар

Ананың сүті — бал,
Баланың тілі — бал.

* * *

Әке — асқар тау,
Ана — бауырындағы бұлақ,
Бала — жағасындағы құрақ.

* * *

Күннің шуағынан да ананың құшағы жылы.

* * *

Ана көрген тон пішер.

* * *

Ана деген — ардақты ат.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

* * *

Анаға қарап қыз өсер.

* * *

Аналы жетім — гүл жетім.

АНАҒА СЫЙЛАЙМЫЗ

Көктемде көңілді,
Құстар кеп жатқанда,
Құлпыртып өңірді,
Гүл ектік бақтарға.

Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жұлмаймыз.
Той күні бір-бірлеп
Анаға сыйлаймыз.

(Ақұштап Бақтыгереева.)

1. Сендер аналарыңа не сыйладыңдар?
2. Өленді жаттап алыңдар.

ӘЖЕ ӘЖІМІ

— Әже, неткен
Көбейіп кеткен
Әжімің.
Бар ма көптен
Ренжіткен
Жазығым?

— Жасым жеткен
Кәріліктен
Болған ғой.
Түрім солып,
Қатпар болып
Қалған ғой.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Дем алдырам
Өзіңізді күтіп кеп.
Бет қатпарын
Кетіремін
Үтіктеп.

(Тұрсынбай Адашбаев.)

1. Әже деп кімді айтасыңдар?
2. Сендердің де әжелерің бар ма?
3. Әжелеріңнен қызықты ертегі айтып беруді өтініңдер.

Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. 8 Наурыз мерекесі жайлы не білесіңдер?
2. Сабақтан тыс уақытта аналар мен әжелер жайлы қандай әңгімелер мен өлеңдер оқыдыңдар?
3. Үйде әпкеңе, анаң мен әжеңе қандай құрмет көрсетесің? Оларды ренжіткен кезің болды ма?
4. Аналардың үйдегі қызметі ауыр ма, жеңіл ме?
5. Әжелерің алыста болса, оған хат жазып тұрасыңдар ма?
6. Аналар туралы қандай мақалдар мен мәтелдерді білесіңдер?
7. Ана туралы қандай әндер бар?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

НАУРЫЗ

Наурыз — жылдың әрі көктемнің бірінші айы. Парсының нау — жаңа, руз — күн деген, яғни жаңа күн деген сөзінен шыққан.

Наурыздың бірінші күні күн мен түн теңеседі, жаңа жыл келеді. Наурызды жыл басы, көктем басы, мереке басы деп санайтын халқымыз «Ұлыстың ұлы күні» — деп ерекше құрметтейді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ұлыстың ұлы күні жұрт жұмыс істемейді, сапарға шықпайды, іс тікпейді, ешкімді ренжітпейді, дауыс көтермейді, әбес сөйлемейді. Бұл күні барлық даланы Қызыр ата аралайды.

(«Жиған-тергеннен».)

ГҮЛ

Гүлжанат пен Әлия гүл өсірді. Біреуі — далаға, біреуі — үйдің ішіне. Гүлдерді екеуі бірдей баптады. Мезгілімен су құйып тұрды. Уақыт өте берді. Бірақ Гүлжанаттың гүлі әдемі болып өсті де, Әлияның гүлі нашар жетілді. Бойы қысқа, жапырақтары кішкентай. Бұған Әлия ренжіді.

— Маған жаман гүл тап болған екен.

— Гүлдің жаманы болмайды, — деді Қадиша апасы. — Сенің гүліңе бір нәрсе жетпей қалған.

— Ол не?..

— Күннің көзі...

(Әшірбек Амангелдиев.)

1. Кімнің гүлі жақсы өсті?
2. Қадиша апасы Әлияға не деді?

ЖҰМБАҚ

Шапаным да, тоным да
Шыршықтың жүр жонында.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Атам соның соңында,
Таяғы бар қолында.

(Қ...й, ш...н)

АЗАМАТ

Күшігін ерткен Ақтайды
Былай деп бәрі мақтайды:
— Егінге сиыр бақпайды.
— Бәрекелде!
— Біреуге кінә тақпайды.
— Бәрекелде!
— Қумайды сірә ақ тайды.
— Бәрекелде!
— Сыныпта пісте шақпайды.
— Бәрекелде!
— Пішенге оттық жақпайды.
— Бәрекелде!
— Қайда да әдеп сақтайды.
— Бәрекелде!

* * *

Жұрт мақтайтын баланы
Азамат десек болады.

(Мекембай Омаруұлы.)

1. Өленді рөлге бөліп оқыңдар.
2. Өленді жаттап алыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

КӨШЕТТЕР

Наурыз айы туысымен атам бақша ішінен шықпайды. Түрлі жеміс ағаштарын отырғызады, ескі бұтақтарды кеседі. Мен жанынан қалмай, жәрдем беремін.

— Мына алмұрт ағашын сен туғанда еккен ем, — дейді атам бойын тіктеп. — Енді, міне — басына шықсаң, ауылдың бәрі түп-түгел көрінеді.

Жаңбыр жауа бастады. Біз асыға қимылдадық.

— Топырақта ылғал жақсы болса, көшеттер тезірек көктейді, — деп атам сөйлеп қояды. Көшеттердің бәрін де отырғыздық.

Атам екеуміз үстіміздегі жаңбыр тиген киімдерді ауыстырмақ болып үйге кірдік.

— Ата, жаурап қалдым, — дедім мен.

— Онда біраз жылынып ал, — деді де, атам жылы көрпешемен үстімді қымтады. Содан соң қолына сіріңке алып, пешке от қойды. Сіріңке шаққан сайын оты жарқ етіп сөне берді.

— Неге жанбайды, ата? — дедім таңданып. — Суланып қалған ба?

— Жоқ, балам. — Сөйтті де, терезе сыртына қарап, желге иілген бұтақтардың сыбдырын тыңдап сәл-кем тұрды. — Балам, ормандағы

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ескі ағаштардың құлаған лебінен сіріңке жағылмай, өшіп қала береді, — деді.

— Ата, соққан жел үй ішіне кірмейді ғой, — дедім мен.

— Бұрынғылар солай дейтұғын. Сөйтіп, жыл сайын құлаған ескі ағаштардың орнына жаңа көшеттер отырғызатын.

Атамның сөзіне иландым. Көзім ілініп кетіпті. Сәлден соң оянсам, терезе сыртында жел басылыпты. Сүт те пісіпті. Көшеттердің бүршігінде жаңбыр тамшылары үздіге ілініп тұр.

(Нұрғали Қадырбаев.)

1. Наурыз айында ата не істейтін?
2. Ол алмұрт ағашын қашан отырғызған?
3. Олар не үшін үйге кірді?
4. Бір түп болса да, көшет ек.

КІМ НЕНІ СҮЙЕДІ?

Кесіртке құмын сүйеді,
Тасбақа тыңын сүйеді.
Сұңқар шыңын сүйеді,
Тұлпар қырын сүйеді.
Байғыз түнін сүйеді,
Бал ара гүлін сүйеді.
Төрт түлік төлін сүйеді,
Бақа көлін сүйеді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Бозторғай шөлін сүйеді,
Бұлдырық белін сүйеді.
Егінші жерін сүйеді,
Ер жігіт елін сүйеді.

(Өтебай Тұрманжанов.)

1. Жануарлар қандай мекенді сүйеді?
2. Кесіртке не үшін өз құмын сүйеді?
3. Туған жер деген сезім саған түсінікті ме?
4. «Әркімнің туылған жері — өзіне Мысыр шаһары» деген сөзді естуің бар ма?

ҚАРЫЗ БЕН ПАРЫЗ

— Кезінде талай адамға жақсылық істеп едім. Не керек, соның бірде-бірінен қайыр-жақсылығымның қарызы қайтпады, — деп налыған бір адамға досы отырып:

— Одан өкінетін ештеңең жоқ екен, достым. Өйткені, біреуге қылған қайыр-жақсылық әлде-бір алаяқ саудагердің несиеге беретін қарызы емес, адамшылықтың парызы ғой, — депті.

Досының бұл сөзінен ұялған әлгі адам содан былай өзгеге істеген жақсылығы жайында жұмған аузын ашпайтын болыпты.

(Ел аузынан жинаған Қыдырәлі Саттаров.)

1. «Қайыр-жақсылығымның қарызы қайтпады» деп кім налыды?
2. Оған досы қандай жауап қайтарды?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

МАҚАЛ

Жақсы қыз — жағадағы құндыз,
Жақсы ұл — көктегі жұлдыз.

ЖОЛДА ЖҮРЕ БІЛЕМІЗ БЕ?

Талап, ереже атаулының барлығы бірдей үлкендерге арналған және кішкентайларға арналған болып бөлінбейді. Баршаға ортақ, бала да, ересектер де бұлжытпай орындауға тиіс қағидалар бар. Мәселен, жол қауіпсіздігі ережелері. Оларды жақсы біліп қана қоймай, барлығымыз бірдей ол ережелерді күн сайын, сәт сайын барынша ыждағатпен орындағанымыз шарт. Бұл, біле білсек, әрбіріміздің өміріміз бен денсаулығымызға тікелей байланысты.

Жол заңына бағыну әр баланың күнделікті әдетіне айналуы керек. «Ауру қалса да әдет қалмайды» деген халық мәтелін алайықшы. Айталық, сен бүгін тұмауратып тұрдың. Дәрігерге қаралып, тиісті ем алдың. Үйге келіп, жылы оранып, дәрі іштің. Дәрігер айтқан шараларды дұрыс орындап, ақыры құлан таза айығып кеттің. Міне, көрдің бе? Бұл — ауру. Ол, аз ба, көп пе — түбінде құтылатын нәрсе. Ал әдет дейтініміз басқаша. Жаман әдетке бір

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

дағдыланып алсаң, құтылуың қиын. Ортала-рыңдағы кейбір балалар сабақ айтқан кезде басын қасып, сипаланып тұрады немесе көшеде екі қолын қалтасына салып жүреді. Сендер олардың бұл әдетін келемеждеп, талай рет күлген де боларсыңдар. Сондай ескертулерден кейін олар да әлгі әдеттерінен құтылады. Ал жолда жүру ережесін бұзуды әдетке айнал-дыруға еш болмайды. Жол заңы қатал — қате-лікті кешірмейді. Көшеде дұрыс жүрмесең, машина доңғалағы астына түсіп, жазым болуың оп-оңай. Ондай қайғылы оқиғаға ұрынбас үшін жолда жүру ережесін бұзбауды әдетке айнал-дыру керек. Ол жолдағы сызылған, ілінген айы-рым белгілерін оқып-үйренуден басталады. Жол үстінің машина жүруге, ал тротуардың адамға арналғанын бір сәт те естен шығармай, көшеде келе жатқанда әрбір қадамыңды есеп-ке алып, асығыстықты біржола ұмытқан жөн.

Өз өміріңе және басқалардың өміріне қауіп туғызбас үшін бостан-босқа жол үстіне шықпа, жүгірме, асықпа, жан-жағыңды бағдарлап ал, жолға жақын жерде ойнама. Ал тротуар жоқ жерде өзіңе қарай келе жатқан машинаға қар-сы бағытпен, жолдың ең шетімен жүр. Жолды бағдаршамның жасыл жарығында, реттеуші рұқсат белгісін көрсеткенде ғана жаяулар өте-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

тін жерде және жол қиылыстарынан өт. Тоқтап тұрған транспорттың арт жағынан айналып өткен жөн. Себебі, оның тасасынан жүріп келе жатқан машинаны көрмей қалуың мүмкін. Ал тоқтаған трамвайды, керісінше, алдынан кесіп өтеді.

Міне, жолда жүру ережелерінің осындай қағидаларын игеріп, оларды бұлжытпай орындағанда ғана көше апатының болмауына септігіміз тимек. Сонда ғана құйқаны шымырлатқан ащы сирена үні тыйылып, жарақаттанған әлдекімдерге асығып, көшені бойлай зуылдайтын «жедел жәрдем» машинасы үрейді алмайтын болады.

(Жанат Ыбыраев.)

1. Әңгіме мазмұнын түсініп алыңдар.
2. Көшеде жүру тәртібін бұзу әдеті неге әкеліп соғатынына баса көңіл аударыңдар.
3. Бостан-босқа жолға шыға бермеу керек екенін ұмытпаңдар.

4. Жолда жүру ережесін жатқа білулерің шарт.

СӘУЛЕ ҚОРЫҚПАУДЫ ҮЙРЕНДІ

Кішкентай Сәулені ауылдың балаларының бәрі «Ой-ой» деп атайтын. Сәуленің үйі көктемде ауылға қаладан көшіп келген болатын.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ол алғаш ауылда көп нәрсеге үйрене алмай жүрді. Жан-жануарлардың барлығы оған құбыжықтай болып көрінетін де тұратын. Ешкіден «сүзеді» деп, құлыннан «тебеді» деп қорқатын. Бірақ бәрінен бұрын сескенетіні — көрші Әзізбектердің «Төрткөз» дейтін үлкен қара иті болды.

— Әй, осы Сәулені-ай, не болса содан қорқады, — деп, әжесі қынжылатын. — Төрткөзден жақсы ит жоқ, түрі қорқынышты болмаса, өзі ешқашан тиіспейді.

— Ештеңе етпейді, әлі-ақ үйреніп кетеді, — деп мамасы ара түскенде, Сәуле:

— Шіркін-ай, қашан қорықпауды үйренер екенмін, — дейтін.

Көктемнің ашық бір күнінде Сәуле мектептен үйіне қайтып келе жатты. Жаңа ғана әнкүй сабағында үйренген әнді ыңылдап айта бастап еді, кенет бір шиқылдаған дыбыс құлағына келді. Шиқыл шыққан жаққа жалт қараған Сәуле шошып кетті. Сәбидің жұдырығындай үлпілдеген сары балапанды Төрткөз қуып келеді екен. Сөмкесін лақтырып жіберіп, «ой-ой» деп айқайлап қорқуды ұмытқан Сәуле жан дәрменімен балапанға қарай жүгірді. Ентелеп балапанға енді жете бергенде, Төрткөз таяп қалған екен. Ит тоқтай қалып, құйрығын бұлаңдатып, Сәулеге еркелей қарады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Неменеге қарап тұрсың, сотқар, одан да үйіңе барсаңшы, — деді қыз итке қарап, қолына алған шөженің мамығын үрлеп. — Көрдің ғой, мен қорықпауды үйрендім!

Балапан да бәрін түсінгендей, шиқ-шиқ етіп көзін жұмып, қайта ашты. Ал Төрткөз артына қарай зыта жөнелді...

(Әбдірахым Мәткұлов.)

1. Кішкентай Сәулені балалар қалай шақыратын еді?
2. Сәуле неден қорқатын?
3. Сәуле балапанды қалай құтқарды?

4. Ит — адамның досы екенін ұмытпаңдар.

ЕЛДІҢ БӘРІ ЖҰМЫСТА

— Ей, күн, қайда барасың?
— Түнде ұйықтап, дем алам.
Ұйқым әбден қанған соң,
Ертең қайтып оралам.

— Ей, ай, қайда барасың?
— Көк теңізге батамын.
Күндіз ыстық болған соң,
Тұңғиықта жатамын.

— Ей, жел, қайда барасың?
— Желпимін таң ауасын.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Паналаймын сонан соң
Тау мен тастың арасын.

— Көкек, қайда барасың,
Ұшып-қонып секектеп?
— Балаларды оятам,
Таң атқанда «көкек» деп.

Қарап тұрсақ, не керек,
Елдің бәрі жұмыста.
Гүл сорады көбелек,
Дән тасиды құмырсқа.

(Сырбай Мәуленов.)

1. Жан-жануар, жәндіктер, адамзат — бәрі-бәрі жұмыссыз болмайтынын еске алыңдар.
2. Көбелектің гүл соруы да еңбек емес пе?
3. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

ТҮЛКІ МЕН ҚАСҚЫР

Ертеде түлкі мен қасқыр дос болыпты. Бір күні екеуі келе жатып, жол үстінде жатқан бір кесек еттің үстінен шығыпты. Етті түлкінің де, қасқырдың да жегісі келіпті.

Қасқыр түлкіге:

— Сен жей ғой, достым, — депті.

Түлкі арсаңдап:

— Менің аузым ораза ғой, достым, сен-ақ жей ғой, — депті.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Қасқыр етті жейін деп, тұмсығын соза бергенде, мойнын қақпан қауып қалыпты да, ет ұшып кетіпті. Түлкі етті қағып алып, жеп қойыпты. Сонда қасқыр:

— Ей, достым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? — депті.

Түлкі:

— Оразам сенің мойныңа түсті ғой, — деп, зыта жөнеліпті.

1. Түлкі мен қасқыр қандай жағдайға кез болды?
2. Қасқыр қалайша аузындағы етті түлкіге алдырды?

АРЫҚ ПЕН МҰХИТ

— Ата, — деп сұрады арық мұхиттан, — неге өзен ағаның даусы бұрынғыдай арынды емес?

Мұхит жауап берді:

— Тереңдей түссең, сен де, әлбетте, сондай боласың, құлыным...

(М. Омарұлы.)

Мысалдың мазмұнын түсініп алыңдар.

КӨКТЕМ

Төңірек тегіс көктеді,
Төсіне қырқа тақты гүл.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Даламның көркем көктемі
Дабылын қайта қақты бір.

Құлпырды қайта нәр далам,
Сағынды жүрек жаз күнін.
Ауылда бүгін қарбалаң,
Ауылда ұйқы аз бүгін.

(Әнуарбек Дүйсенбиев.)

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.
2. Көктем көрінісін көрсететін сөздерді атап көрсетіңдер.
3. «Ауылда бүгін қарбалаң» дегенде нені түсінесіңдер?

ТАБИҒАТТЫ БҮЛДІРМЕЙІК

Қырқылғандай құс біткеннің қанаты,
Таусылғандай тіршіліктің тағаты.
Күннен-күнге құрып, бітіп барады,
Саф ауаның азон атты қабаты.

Қалдықтармен теңізді де былғадық,
Ауру тәнге шипа іздейді сан ғаріп.
Жараладық Абай туған жерді де,
Ядролық бомбаларды сан жарып.

Не айта алам, заманына налимын,
Үмітімді келер күнге жанимын.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Табиғатқа жасап жатқан қастандық,
Барлық жерден, заман, сені танимын.

(Ыбырай Алтынсарин.)

1. Табиғатты қорғау дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Егер табиғатты қорғамаса, онда не болады?
3. «Табиғат — байлық» дегенді қалай түсінесіңдер?

4. Өлеңді жаттап алыңдар.

Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Көктем туралы қандай әңгіме, өлеңдер оқығансыңдар?
2. Көктемде адам, жан-жануар қандай күйге ұшырайды?
3. Көктемде қандай құстар оралады?
4. Көктемде далада қандай жұмыстар басталып кетеді?
5. Көктемнің суретін салыңдар.
6. Көктем туралы әңгіме, өлең жазып көріңдер.
7. Көктемде су неге тасиды?
8. Көктемде ауа райы қандай болады?
9. Сендер көктемде қандай жұмыстар істейсіңдер?

10. «Көгілдір көктем» деген тақырып бойынша шағын шығарма жазыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚ

ЕҢБЕКШІЛ, АДАЛ ҚҰМЫРСҚАЛАР

Бір күні ормандағы барлық хайуандар бір жерге жиналыпты. Олар егер дұшпандар біздерге бір бүйірден соққа бере қалса, онда қалай қорғанып, қалу мәселесін өзара кеңесіпті. Сонда ана-аю мынадай сөзді айтады:

— Арамызда нәп-нәзік нәрестелер бар. Олар тіпті жүгіруді білмейді. Қандай жағдайда да оған күшті бір қамқорлық керек. Оларға қамқоршы болатын тек арыстан ғана.

Жақсылық:

— Ана аю рас айтады, — деп оның сөзін мақұлдапты, ана түлкі, Арыстанның жанында бөрілердің де сап түзеп тұрса, ол да сақтық үшін аса қажет.

Кеңес ұзақ уақыт жалғасыпты. Хайуандар бір-бірімен тартысып-таласыпты да, соңында бір мәмілеге келіпті. «Дұшпанға өзара ынтымақпен қарсы шығу — ең дұрыс шешім» деп бәрі бір ауыздан мақұлдапты. Кеңес жағалысы соңына жететін тұста құмырсқалар үйірінің басшысы келе қалыпты да, өзіне сөз кезегін беруді өтініпті:

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Ағайындар, риза болсаңыздар, бізді де өз саптырыңызға қосып алсаңыздар, «Көпшілік — көл» деген, сіздерге бір пайдамыз тиер еді.

Бөрілердің бірі:

— Бір-бірінен күшті жануарлар тұрғанда, тіптиттей құмырсқалардың көмегіне сүйену күлкілі ғой. Бұлар дұшпан табанының астында-ақ жаншылып кетуі мүмкін.

Көңілі басылған құмырсқалар үйірі кері қайтыпты. Олар жануарларды аяусыз қырып жібере бастапты. Аңшылардың қоржыны семіз үйректерге толып кетіпті. Қолға қай жануар ілінсе, соның бәрін тар қапасқа сала беріпті. Дұшпанға қарсы шабуылға шыққан алып арыстан да тұзаққа ілініпті. Қорыққаннан қашуға айналған бөрілердің үйірі де бірінен соң бірі қақпанға іліге беріпті. Атылған оқ даусынан үрейі ұшқан сыртандар да апанға түсіп кетіпті.

Аң аулаудан жолы болған мергендер олжаларын алып, ауылға қайтуға жинала бастағанда, кенеттен оларға құмырсқалар үйірі шабуылдапты. Құмырсқалар өздеріне кезіккен аңшының денесіне жабысып алып, аямай шаға беріпті. Қайтерін білмей, шарасыз қалған аңшылар айқай-сүрен салып, орманды тастай қашыпты. Сөйтіп, құмырсқалар тұтқындалған барлық хайуандарды азат етіпті.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Жануарлар кеңес кезінде құмырсқаларды менсінбей, үстерінен күлгендеріне опық жеп, қатты өкініпті. Ешкім де көңіл бөліп, елең қылмайтын тіп-титтей жәндіктер «Күш — бірлікте!» деген нақыл сөздің ақиқат екендігін дәлелдеген екен.

(Нұрбек Қыдыралиев.)

1. Ормандағы хайуандар неге кеңесті?
2. Түлкі ненің сөзін мақұлдады?
3. Арыстан неге ілікті?
4. Құмырсқалар қандай жақсылық істеді?

ИТ МЫСЫҚҚА НЕГЕ ӨШ?

Ертеде ит пен мысық тату болыпты. Ит қожасымен бірге аңға шығады екен. Кешке үйге келгенде мысыққа көргендерін айтып, сырласады екен.

Бірде аңнан шаршап келген ит мысыққа:

— Достым, бүгін әңгімелесуге халім жоқ, біраз тынығып алайын, — депті.

— Сен-ақ шаршап жүресің! — деп мысық оны кінәлай бастайды. — Жүр дегенде жүре бересің. Осында менімен қалсаң, демалып жататын едік.

— Ой, достым-ау! Сені үйдегі тышқанды ауласын деп қалдырады. Ал мені не үшін қалдырмақ?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Тышқан аулау үшін дейді! Тышқан аулайтын мен бе?

— Енді кім?! — деп таңданыпты ит.

— Әй, достым-ай, тым аңқаусың. Мен үйде адамдардың ұрлап сүтін ішем, шұжығын жеймін.Сосын пештің түбінде ұйықтаймын.

— Сонда сен иеміздің сенімін ақтамай ұрлық жасап жүрсің бе?

— Иә, елдің бәрі сен емес. Өзінше адал... Сенің оныңды адам түсіне ме? Сен абайсызда біреуді қауып алсаң, өзіңді шынжырлап байлап қойсын.

— Мен саған көрсетейін арамтамақ болуды! — деп ит ызалана ұмтылады. Мысық зыта жөнеліпті. Бұларды иелері арашалайды. Ит арс ете қалады. Адам сол күннен бастап итті байлап қоятын болған. Содан бері ит мысыққа ұмтылады екен.

(Серік Шомақов.)

1. Бұрын ит пен мысық қандай қатынаста болған?
2. Мысық итке қандай кінә тағады?
3. Ит мысықпен неге келісе алмай қалды?
4. Ит қандай жаза алды?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҰЛЫЛАРДАН ҰЛАҒАТ

Жақсылық қыла алмасаң, жамандық та жасама.

(Ә. Науаи.)

Жамандық қылсаң, жауабы өкініш болар.

(Ж. Баласағұни.)

Жақсылық көп жасайды.

(Ж. Баласағұни.)

Құлап бара жатқанның қолынан ұста.

(Құтып.)

Су бермесе, сүт бер.

(М. Қашқари.)

Жамандық қылғанға жақсылық қыл.

(С. Сарайи.)

Жақсымен талас,
Жаманға жуыма.

М. Қашқари.

Жақсылығы жоқтан
Жақсы бақыт қашады.

(М. Қашқари.)

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

1. Қанатты сөздердің иесінің аты-жөндеріне көңіл бөліңдер.
2. Жақсылық не үшін көп жасайды?
3. Құлап бара жатқанның қолынан ұстап қалуда қандай қасиет бар?
4. Жамандық жасағанға жақсылық жаса. С. Сарайидың бұл сөзі қай әңгіменің кейіпкерін, оның қай істерін еске түсіреді?
5. Жамандық, жақсылық туралы мақал жина.

ЖАМАН ЖОЛДАС

Екі дос жігіт жол үстінде келе жатып, бір аюға ұшырасыпты. Бұл екі жігіттің біреуі әлсіз ауру екен де, екіншісі мықты жігіт екен. Аюды көрген кезде әлгі мықты жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да, созылып, өлген кісі болды да жатты. Естуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп, иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң, тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

— Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті?

Ауру айтты дейді:

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Аю «Құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма» деді, — депті.

(Ы. Алтынсарин.)

1. Екі досқа не кездесті?
2. Оның қайсысы әлжуаз, қайсысы мықты еді?
3. Мықты жігіт неге ағаштың басына шығып кетті?
4. Ал аурушыл, дімкәс жігіт қайтті?
5. Аю неге жөніне кетті?

ҚҰМЫРСҚА МЕН КӨГЕРШІН

Бір құмырсқа өзенге су ішуге келіпті. Сонда толқын болып, суға кетіп қала жаздапты. Сонда бір көгершін бір бұтақпен келіп құмырсқаның кетейін деп жүргенін көріп, бұтағын суға салыпты. Құмырсқа бұтаққа жабысып құтылыпты. Сонда бір мерген тор құрып көгершінді ұстауға ойланыпты. Сонда құмырсқа мергенге жабысып аяғын шағып алыпты. Мерген «Не?» деп торын тастай бергенде, көгершін ұшып кетіпті.

(«Халық ауыз әдебиетінен».)

1. Құмырсқа қайда келді?
2. Ол қандай жағдайға душар бола жаздады?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

3. Оны көгершін қайтіп құтқарды?
4. Ал мерген тор құрып нені ұстауды ойлапты?
5. Құмырсқа көгершінді қалай құтқарды?
6. Құмырсқаның да, көгершіннің де іс-әрекеттерін жақсылық деуге бола ма?
7. Жақсылық дегенді қалай түсінесің?

ЖАҚСЫЛЫҚ, ЖАМАНДЫҚ ТУРАЛЫ МАҚАЛДАР

Жаман дос — көлеңке,
Басыңды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың.
Басыңды бұлт алса,
Іздеп таба алмайсың.

Жаман аттан аяғым артық,
Жаман жолдастан таяғым артық.
Жақсы — ай мен күндей,
Әлемге бірдей.
Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ.

Жақсы туса — ел ырысы,
Жаңбыр жауса — жер ырысы.

Биік төбеге шықсаң,
Көзің ашылады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Жақсымен сөйлессең,
Көңілің ашылады.

Жақсы келді дегенше,
Жарық келді десейші.
Жақсылықтың уытын
Алып келді десейші.

Жақсы болсаң — жақын көп.

1. Халық қай қасиетті жоғары бағалаған?
2. Жақсыны әлемге бірдей неменеге теңеуге болатынын түсіндіріп бер.
3. Кіммен сөйлессең, көңілің ашылады?
4. Қандай кезде жақының көбейеді?
5. Жақсылық туралы мақалдар айтып бер.

БАҚША АҒАШТАРЫ

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштар мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.

— Мынау ағаш неліктен тік-тік, ана біреуі неге қисық біткен? — деп сұрады баласы.

— Оның себебі, бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады; сен жас ағашсың, саған

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

да күтім керек; мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетімен кетсең сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің, — деді.

(Ы. Алтынсарин.)

1. Төре баласымен нелерді көріп жүрді?
2. Баласының сұрағына әкесі не деп жауап берді?
3. «Бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой». Бұл — кімнің сөзі?
4. Айтқанды істеп, орнына келтіру — жақсылық, бағусыз бетімен кету — қисықтық, жамандық.

Сөздік

Бағу-қағусыз — күтімсіз, қараусыз, тәрбиесіз. **Бетімен кету** — қалай болса, солай өсу, жөнсіз, қисынсыз.

АТАСЫ ЖАҚСЫ ҚАНДАЙ-ДЫ

Атасы жақсы қандай-ды,
Асқар бір зәулім таудай-ды.
Анасы жақсы қандай-ды,
Арайлап атқан таңдай-ды.
Ағасы жақсы қандай-ды,
Асылсаң биік жалдай-ды.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Інісі жақсы қандай-ды,
Дұшпаның көзін салмайды.
Баласы жақсы қандай-ды,
Көңілінде арман қалмайды.

(Балқы Базар.)

1. Асқар тау мен аталы сөзде не көп?
2. Ата-ананың алғысын ал.
3. «Асқар бір зәулім таудай-ды» деген сөйлемді қалай түсінесіңдер?

Мақал

Жақсы бала есіктегі әкесін төрге шығарады.

ТОҚТА, БОТАМ!

Тоқта, ботам!
Атаң келеді артыңда!
Бұр мойныңды қалжыраған
қарт ұлға.
Сенің сәби сәттеріңнің мысқалын
Айырбастап ала алмай
жүр алтынға.
Тоқта, ботам!
Атаң келеді артыңда!
Ей, болашақ! Қарт келеді зиялы,
Кейімесін ата-қыран ұялы.
Сен сыйласаң сәби шақтың бір сәтін,

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Атаң саған ұзақ өмірін қияды.
Ақылына айырбаста күлкіңді,
Қайтесің сол күлкі дейтін шіркінді?!

Бейқам күліп өспеген соң өз басым,
Бос күлкіні ұнатпаймын бір түрлі...

Тоқта, ботам!
Атаң келеді артыңда.
Дария шалқар даналығын ал, тыңда!
Сенің сәби сәттеріңнің мысқалын
Айырбастап таба алмай жүр алтынға,
Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда!

(Мұқағали Мақатаев.)

1. Өлеңнің мағынасын түсіндіңдер ме?
2. «Сенің сәби сәттеріңнің мысқалын
   Айырбастап ала алмай жүр алтынға»

деген жолдары қандай сезімдерге бастайды?

3. «Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда!» Өлеңнің алдыңғы жолымен осы жолдарды салыстырыңдар.

Сөздік

Мысқал — 4,25 грамға тең салмақ өлшемі.
Иен — ұшы-қиырсыз кең жазық.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

АЛТЫН СӨЗ

Кім сүймейді атасын,
Асқар таудай көрінген.
Бөбекке айтар батасын,
Жаттап алған едім мен:

«Жүйрік тілді ақын бол,
Жақсыларға жақын бол!
Достарыңмен тату бол,
Дұшпаныңа қату бол!

Ұсақ болма, ірі бол,
Өз ортаңның гүлі бол!
Ата-анаңның көзінің
Сөнбейтұғын нұры бол!

Кім болсаң да, әйтеуір,
Азаматтың бірі бол,
Туған елдің ұлы бол!»

Ойға тоқы, парқын сез,
Ата сөзі — алтын сөз!

(Несіпбек Айтов.)

1. Өткен сабақпен бұл сабақтың арасында бір сабақтастық бар ма?
2. Бата — алғыс, тілекті қай жерлерде кім айтады?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

3. Бұл өлең неліктен «Алтын сөз» деп аталады?
4. Өлеңді жаттап алыңдар.

КӨЗІ ТОЙМАҒАН ИТ

Көпірге түсті бір ит сүйек тістеп,
Ойы бар көпірінен дария кешпек.
Көрінді су бетінде бұған бір ит,
Мұнда да бір сүйек бар, бақса түстеп.
Судағы ит — бұл бейбақтың көлеңкесі,
Білерлік көлеңкені болмады есі.
Толымды көрінген соң анау сүйек,
Ол иттен тартып алмақ бар дәмесі.
Сол оймен атты суға айбаттанып,
Бар күшін жинап бойға қайраттанып.
Түскен соң жайқын суға ол батырдың
Ісінің не болмағы айдан анық.
Әрқайда ашкөздінің олжасы осы,
Байқасаң іс түбіне көзің салып.

(Сәбит Дөнентаев.)

Өлеңді жоспар бойынша мазмұндап берің-дер.
1. Көпірдегі ит.
2. Су бетінде көрінген ит.
3. Иттің дәмесі.
4. Ашқарақтықтың зияны.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

НАН БАЗАР

Қампиған қалтаң да қалта емес,
Ташкентте қайнаған қан базар.
Ал менің көзімді парша емес,
Тартады сап-сары нан базар.
Иісін-ай, бұрқырап жарықтық,
Ойыңнан тереңін қозғаған.
Сонау жыл шұбырған халықтың
Осы нан өзегін жалғаған.

Көргенде толқиды жас көңлің,
Арулар қаракөз нұр маңдай.
Нан емес, қыздары Ташкеннің
Ып-ыстық күн ұстап тұрғандай.

(Әселхан Қалыбекова.)

1. Ташкент базарларын білесің бе?
2. Ақынның: «Ал менің көзімді парша емес, Тартады сап-сары нан базар» дегенінің мәнісін білдіңдер ме?
3. «Ташкент — нан қаласы» дейтін фильмді көргендерің бар ма?
4. Мына жоспар бойынша «Жақсылық жасасын!» деген тақырыпта қысқа шығарма жазыңдар.

1. Тозған мектеп.
2. Жаз алдында құрылысшылар келді.
3. Жаңа мектеп қуанышы.
4. Жақсылық жасасын!

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ОЙЛАУМЕН ОЙ ТОЛАДЫ, ОЙНАУМЕН БОЙ ТОЛАДЫ

Бір үйде егіз лақ болатын. Көмірдей қап-қара егіздерді бірінен-бірін айыру қиын-ақ. Сол үйдің ұлы Бәкір лақтарды жақсы көретін. Ол бір лағына Асыл, екіншісіне Жасыл деп ат қойды. Бәкірдің өзі Асыл мен Жасылды айыра алмай, талай ұятқа қалған-ды.

Бірде қаладан әжесіне ілесе келген Серік үйге жүгіріп кіріп:

— Әже, әже, аулада Асыл мен Жасыл төбелесіп жатыр! — деді аптығып.

— Оны маған несіне айтасың? — деді әжесі қабағын шытып, — әке-шешесіне айт!

— Әке-шешесі жоқ. Айырып жіберіңізші?! — деп жылап жіберді бала. Немере сөзін қи-маған әже аулаға шықты. Жан-жағына қарап еді, төбелесіп жатқан ешкім көрінбеді.

— Серікжан, әлгі Асыл мен Жасылың қай жерде төбелесіп жатыр? — деп сұрады.

Серік аулада сүзісіп жүрген лақтарды көр-сетті:

— Әже, Асыл мен Жасыл мына екеуі.

Әже немересінің сәби сөзіне күліп:

— Бұлар лақ қой. Сүзісіп жүрген жоқ па? Лақтар үшін сүзісіп ойнау өте пайдалы. Ол

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

спорт сияқты күш бітіреді, денесін шыңдайды, денсаулығын жақсартады, — деді.

— Онда арашалаудың қажеті жоқ па?

— Айырма. Ойнасын, ойлаумен ой толады, ойнаумен бой толады, — деді әжесі.

(Мәдіхат Төрежанов.)

1. Бәкір лақтарына қандай ат қойды?
2. Серік әжесіне лақтар туралы не айтты?
3. Әжесінің Серікке не айтқанына көңіл бөліңдер.
4. «Ойлаумен ой толады, ойнаумен бой толады» деген сөздің мағынасын түсіндіріңдер.

Мақал

Шыныққан, шымыр боласың.

КӨРШІ АТАМ

Күнде үйінің қасынан
Көрші атамды көремін.
Жүгіріп кеп асыға,
Оған сәлем беремін.

Қолымды ол
Күліп кеп,

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Иіліп тұрып алады.
— Міне, нағыз жігіт! — деп,
Сүйсініп бір қалады.

(Құрманбай Толыбаев.)

Өлеңді жаттап алыңдар.

КІМ КҮШТІ?

Ерте-ерте, ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен,
Қырғауылы қызыл екен,
Құйрық-жүні ұзын екен.
Қырғауылы қырқылдап,
Жалтыр мұзға сырылдап
Алшая келіп қоныпты.
Шаты айрылып қалыпты.
Қисая жатып қырғауыл,
Сонда мұздан сұрапты:

— Мұз, мұз, сен неден күшті болдың?

— Мен күшті болсам, бауырымды жауынға тестірмес едім.

— Жаңбыр, жаңбыр, сен неден күшті болдың?

— Мен күшті болсам, жерге жұтқызар ма едім?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Жер, жер, сен неден күшті болдың?

— Мен күшті болсам, көк шөпке бауырымды жардырмас едім.

— Көк шөп, көк шөп, сен неден күшті болдың?

— Мен күшті болсам, көк тоқты мойнымнан жұлқыламас еді.

— Көк тоқты, көк тоқты, сен неден күшті болдың?

— Мен күшті болсам, көк шұнаққа құйрығымды жұлқылатпас едім.

— Көк шұнақ қасқыр, көк шұнақ қасқыр, сен неден күшті болдың?

— Мен күшті болсам, көк мылтыққа қоңымды ойдырмас едім.

— Көк мылтық, көк мылтық, сен неден күшті болдың?

— Мен күшті болсам, қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім.

— Тышқан, тышқан, сен неден күшті болдың?

— Мен күшті болсам, құмырсқаға ін салдырар ма едім.

— Құмырсқа, құмырсқа, сен неден күшті болдың?

Сонда құмырсқа:

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

— Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, жеті батпан ауырды желкелеген күштімін, — деген екен.

(*Халық ауыз әдебиетінен.*)

Жұмбақ

Қиналмай көтеріп,
Өзінен ауырды.
Жорғалап кетеді
Жүкшідей кәдімгі.

(Құмырсқа)

Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Оқылған әңгіме, өлеңдерден адамның ұнамды жақтарын көрсететін үзінділерді табыңдар.
2. Адамгершілік, ар-ұят, жолдастық, қайырымдылық, ұлы мақсат, талап жайлы мысал, жаңылтпаш, жұмбақ және әңгіме-өлеңдерді қайталап оқып, түсініктеріңді нығайтыңдар.
3. Саған қайсы шығармалар ұнады?
4. Жан-жануарлар мен түрлі жәндіктер туралы әңгіме, ертегі, өлеңдердің ішінен саған ерекше әсер еткені болды ма?
5. Түсініксіз сөздерді сөздік дәптерлеріңе жазып жүріңдер.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ОТАН СҮЙЕР ҰЛАН БОЛ!

9 МАМЫР — ЕСКЕ АЛУ ЖӘНЕ ҚАСТЕРЛЕУ КҮНІ

Екінші дүниежүзілік соғыс 1939 жылы қыркүйекте басталып, 1945 жылы қыркүйекте Германия фашизмі мен Жапония империясының жеңілуімен аяқталды.

Соғыс жылдарында 1 миллион 300 мың 600 өзбекстандық азамат фашизмге қарсы күресті.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Өзбекстандық қаһармандар Еуропа халықтарын құлдықтың бұғауынан босатуда өздерінің азаматтық борыштарын адал орындады.

Өзбекстан халқы соғыс болып жатқан жерлерден келген 200 мыңнан астам жетім балаларды бауырына басты.

9 мамыр күні Отанымыздың азаматтығы мен тәуелсіздігі жолында өз өмірін құрбан еткен азаматтардың абзал есімдерін еске аламыз.

Еліміздің астанасында фашизмге қарсы күрескен өзбекстандық азаматтарға арналған алаң бар. Онда сол сұрапыл соғыстан оралмаған абзал аталарымыздың есімдері жазулы тұр.

1. Екінші дүниежүзілік соғыс қашан басталды?
2. Соғыс жылдарында фашизмге қарсы қанша өзбекстандық азамат күресті?
3. Өзбекстандық азаматтар азаматтық борыштарын қалай орындады?
4. Мамыр айының 9-ы күні кімдерді еске аламыз және қастерлейміз?
5. Ауылыңда соғысқа қатысқан азаматтар болса, гүл сыйлап, құттықтап шық.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ТАШКЕНТТЕГІ «ШЕЙІТТЕР ЖАДЫ» ЕСКЕРТКІШІ

Қол-аяғы ұйып қап,
Кеткендей бір ұйықтап.
Жақсылықты жамандық
Жатпады ма иықтап?

Озбырлықтан тым жырақ
Тау мен аспан тұнжырап,
Жүнісабат жерінде
Терек-талың тұр жылап.

Көбейді жүрек солқылы.
Ауырлық түсіп басына.
Жылап жатты сол күні
Бозсудың аппақ тасы да.

Солғын тартты гүлдер де,
Үрпиісіп кептерлер.
Сол құйынды күндерде
Атылып-ақ кетті ерлер.

Отан үшін, ел үшін
Боздақтар ол атылған.
Ардақ тұтқан елін шын
Айналайын атынан!

(Мекембай Омарұлы.)

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

1. «Терек-талың тұр жылап» дегенде ақын нені меңзеп отыр?
2. Атылып кеткен боздақтар туралы не білесіңдер?

3. Өлеңді түсініп оқыңдар.

БІЗДІҢ ӘСКЕР САҚШЫСЫ

Біздің қызық күндердің
Біздің әскер — сақшысы.
Біздің тыныш түндердің
Біздің әскер — сақшысы.

Әскер елін ойлайды,
Сәлем хатын жолдайды.
Ол өмірді қорғайды,
Өмір гүлдеп жайнайды!

(Қосжан Мүсірепов.)

1. Өлеңнің мазмұнына көңіл бөліңдер.
2. Өлеңді жаттап алыңдар.

ҰҚСАЙ ҚАЛҒАН САҚШЫҒА

Ағаш мылтық асынып,
Күшік ертіп жүгірген.
Кейде тоқтап, аялдап,
Ізге қарап үңілген.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Бір балаға кездесіп,
Сонда тұрып сұрадым.
— Не нәрсені жоғалтып,
Іздеп жүрсің, қарағым?

Бала айтты: — Сақшымын,
Қорғап жүрмін ел шетін.
Елді қорғау емес пе
Менің-дағы міндетім?

Сүйсіндім балғын баланың
Ісіне де, сөзіне.
Шекарашы — сақшының
Ұқсай қалған өзіне.

(Есет Әукебаев.)

1. Өлеңнің мазмұнына көңіл бөліңдер.
2. Сендер де осындай ойын ойнайсыңдар ма?

ҚАҺАРМАН АТАЛАР

Елімізге кеңінен танымал аталар көп. Солардың екеуі — тақтакөпірлік Ағытай Әділов пен тамдылық Серікбай Сағатов.

Бұлар — өнегелі аталар, жастайынан білімді, еңбекті, әдепті сүйіп өскен. Елде жүріп еліміздің көркеюіне үлкен үлес қосты. Олардың еселі еңбегін мемлекетіміз жоғары бағалады.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ағытай ата 1997 жылы, Серікбай ата 2003 жылы «Өзбекстан Қаһарманы» атағына ие болды. Бұл аталардың көкіректерінде «Алтын жұлдыз» жарқырап тұр.

(М. Шадиев.)

1. Мәтінде кімдер туралы айтылып тұр?
2. Олар еліміздің қай жерлерінде жасайды?
3. Ағытай, Серікбай аталарға не үшін «Өзбекстан қаһарманы» атағы берілді?
4. Сендер өздерің білетін батырларды атаңдар.

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Балалар, сендер Бауыржан Момышұлын білесіңдер ме? Егер білмесеңдер, ата-аналарыңнан немесе аға-әпкелеріңнен сұрап көріңдер. Олар Бауыржан ата жайлы көптеген қызықты әңгімелер айта алады.

Бүгінгі таңда ауылда, сыныптас достарың арасында да Бауыржан атты балалар болуы мүмкін. Олар өздерінің есімдері атақты батыр атаның есімімен аталатынын біле де бермес.

Бауыржан Момышұлы — халқымыздың аты аңызға айналған батырларының бірі.

Ендеше даңқты атамыздың төмендегі сөздерін ұғып алыңдар.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ОТАН СҮЙЕР ҰЛАН БОЛ!

Адам өміріндегі ең үлкен қуаныш — бала сүю. Ана бөпесіне ақ сүтін береді, түн ұйқысын төрт бөледі.

Мен немере сүйіп отырған адаммын. Балаларды өте жақсы көремін. Сол балалардың, бүлдіршін балғындардың бақытты болашағы үшін сұрапыл соғыста ер азабын мейлінше көрген адаммын. Қырық жыл қырғында тірі қалғандардың бірімін.

Мен — әскери адаммын. Сондықтан да біздің айбынды армиямыздың торқалы тойы мен үшін үлкен де, ерекше қуаныш. Талай жылдар өтті, бірақ ешқашан да, ешбір жерде біздің армияны ешкім жеңе алмады.

Армиямыз Отан соғысында орасан зор фашистер әскеріне қирата соққы беріп, жеңіп шықты. Еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды. Бейбітшілікті қорғаушы осындай жеңімпаз армияның солдаты болғанымды мақтан етемін.

Мен де адаммын жаралған сүйек-еттен,
Арым бар, намысым бар жан тербеткен.
Қазақтың қарапайым бір ұлымын,
Жанымды арым үшін құрбан еткен.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Балаларыма, немере-шөберелеріме айтар жалғыз тілегім: Елді сүйер ұлан болыңдар! Өз халқыңа лайықты азамат болып өсіңдер!

(Бауыржан Момышұлы.)

1. Бауыржан аталарың кім болған?
2. Оны қашаннан білесіңдер?
3. Бауыржан аталарың сендерге қандай азамат болыңдар деп тұр?

БАТЫР ҚЫЗ

Зеңбіректер атысынан кейін жаяу әскер шабуылға шықты. Атакаға ертіп ілгері жөнелді. Батыр қыз деревняға бірінші кірді. Оннан аса фашисті өлтірді. Деревня біздің қолға көшті. Жаудың беті қайтты. Жау қарсыласпады.

Қараңғы түн. Ұрыс басталды. Әлия командирінен барлау жұмысына жіберуді өтінді. Әлияның тілегі орындалды. Ол бір топ жауынгермен дұшпан шебіне өтті. Жаудың миномёті тұрған жерге жетті. Бірнеше граната лақтырды. Миномётті жоқ қылды. Бір жау офицерін штабқа әкеліп тапсырды. Таң атты. Ұрыс қайта басталды. Жау шабуылға шықты. Жауынгерлер дұшпанның шабуылын тойтара берді. Гитлершілер жеңе алмады. Олар шегінді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Келесі күні біздің адамдар жаңа шабуылға шықты. Ұрыс қыза түсті. Жау өздерінің басты күштерін жіберді. Бір минаның сынығы Әлияның қолын жаралады. Әлия оны ескермеді. Жарасын өзі таңып алды да, жауға оқ жаудыра берді.

(«Ұланнан».)

1. Жаяу әскерлер неге шықты?
2. Әлия жауынгерлерімен бірге не істеді?
3. Әлияның тілегі орындалды ма?
4. Жараланған Әлия қандай қимыл жасады?

Мақал

Отан оттан да ыстық.

СОЛДАТ ӘРҚАШАН ҚЫРАҒЫ

(Жауынгер әңгімесі)

Көзге түртсе көргісіз қараңғы түн. Сырт еткен дыбысқа жалт қараймын. Әлдене жетіп кеп, бас салатындай, денем тітіркеніп кетеді.

Бір сәт айнала тым-тырыс меңіреу тыныштыққа бөленді. Сол-ақ екен, менің де ойқиялыма қанат бітті. Иінімде он оқты карабин мылтығы — мен үшін үлкен мақтаныш. «Шіркін, дәл осы тұрысымды ауылда қалған досым Бисенбай көрсе!» деймін ішімнен. «Ой,

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Еркеш, неткен сұсты болып кеткенсің?! Тіпті, Тарғын батырдың өзісің ғой», — дер еді ол таңданып. Иә, сөз жоқ, солай дер еді! Сосын, Бисенбай жақындай түсіп: «Еркеш, мылтығыңды көріп берейінші!» — дейді өтініп. Мен басымды шайқаймын. — «Жоқ, бөгде адамға қаруды ұстатуға болмайды...» Беруім де мүмкін, өйткені Бисенбай бөгде емес қой, мен оған сенем, ол — адал дос... Бәрінен де мамам көрсе ғой? Алғашында шошып кетуі де сөзсіз, кейін, таныған соң: «Еліңнің бақытын қорғап тұрған мына батыр тұлғалы түріңнен айналайын сенің! Мақтанышым менің!» — деп құшақтап тұрып, сүйіп-сүйіп алар еді.

Мен қолымдағы қаруымды құшырлана қыса түсем.

Кенет әлдене тысыр ете қалғандай болады. Жалт қараймын. «Тоқта! Кім келе жатқан?» —деймін салмақтанып. Әлгі үнсіз. «Тоқта! Атамын!» — деймін ақырғы ескерту беріп. Әлгі паролін айтады. Сөйтсем, бұл қарауыл бастығы капитан Демиденко болып шығады.

— Хал қалай, Ескенов? — дейді ол.

— Өте жақсы, жолдас капитан!

— Жарайсың, — дейді ол арқамнан қағып, — қырағы бол!

Сөйтеді де, капитан қараңғыға сіңіп кетеді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Жігерлене, құлшына түсем. «Мен әрқашан қырағымын!» — деп айқайлап жібергім келеді.

Иә, солдат әрқашан қырағы. Бір сәт менің көз алдыма қаннен-қаперсіз ұйықтап жатқан мамам, папам, інім Асқар, қарындасым Мәриям келеді. Ал мен ояумын...

(Балтабай Әділов.)

Әңгіменің мазмұнын түсініп оқыңдар.

ОТАН

Отан!
Отан!
Сен болмасаң, не етер ем?
Мәңгілікке бақытсыз боп өтер ем.
Өмірден бұл өксуменен кетер ем.

Құс ұясыз,
Жыртқыш інсіз болмайды.
Отансыз жан өмірінде оңбайды.
Өзін-өзі қорлайды да, сорлайды.
Тірі адамға — сол қайғы!

Күн көреді әкесіз де, анасыз,
Өмір сүрер әйелсіз де, баласыз.
Ал Отансыз —
Нағыз сорлы панасыз!

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Білесің бе,
Отанның сен не екенін?
(Екі өмір жоқ, әрине, екі өлім)
Екі Отан жоқ,
Жалғыз Отан — мекенің!

(Мұқағали Мақатаев.)

Мақал-мәтелдер

Жақсы адам — елдің ырысы,
Жақсы жер — жанның тынысы.

* * *

Елін сүйген ер болар.

* * *

Атадан жақсы ұл туса, елінің қамын жейді,
Атадан жаман ұл туса, елінің малын жейді.

Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Отанымызды кімдер күзетеді?
2. Генерал болғың келе ме?
3. Әлия қандай қыз?
4. «Екі Отан жоқ,
Жалғыз Отан — мекенің» деген жолдар кімнің өлеңінен алынған? Қанеки, кім бірінші табар екен?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ЖАЗ ЖАЙНАТЫП

ЖАЗ

Жаздыгүні шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап...
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтыңдап.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Жоғары — төмен үйрек, қаз
Ұшып-қонса сымпылдап...

(Абай Құнанбаев.)

Өленді жаттап алыңдар.

ҚОСТЫҢ ДӘМІ

— Ата, шаршадың ба? — деді Қуаныш.

— Шаршадым, — деді атасы. Беті күнге күйіп, түтігіп кеткен.

— Ата, ертең мен бағысайын.

— Айналайын-ай, көмекші керек-ау, бірақ...

— Жо-жоқ, ата, торы атты берсең, малды өзім-ақ бағамын. Егінге түсірмеймін, атты қинамаймын!

— Жарайды, көрейін...

Қуаныш ерте тұрды, аттарды суарды, жемдеді.

— Қуантай, сен бе аттарға жем берген?

— Иә, ата.

— Міне, азамат болды деген осы!..

Мал сылбыр қозғалып, шық басқан шөпке із қалдырып барады. Қуаныш атасының ескі бөркін киіп еді, көзіне түсіп, мазалай берді. Ерге мықтап жабысып алған. Майлыаяқ та көңілді. Қуаныштан бір елі қалмайды. Масасонасыз таңертеңгі салқында табынды орағытып шапқылап жүр.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Атасы атының ауыздығын алып, отқа жіберді.

— Қуантай, торыны шалдыр, малға да тыныс керек. Мен аздап мызғып алайын.

Қалекең оянғанда, күн қызып тұр еді. Сона буған өгізшелер суға ұмтылады. Қуаныш қайырады. Терін жеңімен сүртіп:

— Мал қайыру бермейді, ата! — деп дауыстады.

Өгізшелер су ішті де, тоғайдың көлеңкесіне барып жатты. Күйіс қайыра бастады. Атасы от жағып, шай қойды. Өзен жағасында отырып шай ішу бір қызық көрінді балаға.

— Шай үйдегіден де дәмді екен! — деді Қуаныш.

— Иә, шырағым, қостың дәмі қашан да солай болады, — деді Қалекең.

(Зейнел-Ғаби Иманбаев.)

1. Әңгіме мәтінін мәнерлеп оқыңдар. Әңгіме бойынша түсінгендеріңді баяндап беріңдер.
2. Қуаныш атасына не деді?

КҮМІС ЖҮЛДЕ

Бейбіт сыныптағы балалардың ең кішісі әрі нәзігі еді. Мұнысы әсіресе дене шынықтыру сабағында айқын аңғарылатын. Сапқа тұрғанда оқушылардың ең соңында қалатын. Оны-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

сына өзі де намыстанатын. Бойының аласалығынан ба, жоқ әлде сыныпта өзі аттас тағы бір оқушының болғандығынан ба, балалар оны «кішкентай Бейбіт» деп атайтын. Ал сол кішкентай Бейбіт жүгіргенде құстай ұшып, жарыстың алдын бермейтін.

Тез өсіп, үлкен болу оның арманы еді. Ағалары ауланың бір бұрышына турник орнатып берді. Бейбіт күн сайын турникке тартылып, ақырында ұршықтай айналатын болды. Дене шынықтыру, спортпен айналысу Бейбіттің бұлжымас әдетіне айналды. Үшінші сыныпқа келгенде бойы өсіп, қайраттана түсті.

Бастауыш мектепті бітірген жылдың жазында спортқа әуес бір топ ауыл балалары бокс үйірмесіне қатысатын болды. Олардан кішкентай Бейбіт те қалмады. Бокстасамын деп жүріп өзінен үлкен балалардан таяқ жеп қалған кездері де болды. Бірақ Бейбіт алған бетінен қайтпады, бокс өнеріне деген ынтаықыласы арта түсті.

(«Жалын».)

1. Бейбітті балалар қалай атайтын?
2. Бейбіттің арманы не еді?
3. Бейбіт қандай үйірмеге қатысатын болды?
4. Бокстан республикамызда әлем чемпионы болған боксшылардан кімдерді білесіңдер?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҚАРҒА МЕН ҚҰМЫРАША

Қарға шөлдеп, су іздеді. Далада суымен құмыраша тұр екен. Суы олқы екен. Қарғаның мойыны жетпеді. Қарға тастарды теріп, құмырашаға үсті-үстіне сала берді. Тас көтеріп, су бетіне шықты. Қарға ішіп, сусынын қандырды.

Мақалдар

Әр істің әдісін білу керек.

Жақын таласса, жатқа жем болады.

ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАН

Адам атызға бір түп Гүл әкеп отырғызды. Құнарлы жерге отырғызылған ол күннен-күнге тамыр жайып, жайнап өсе берді. Гүл бәрін де сүйетін: мөп-мөлдір суды да, тап-таза ауаны да, күннің нұрын да. Айналаға еркелей, құмарлана қарайтын. Ол осынау тіршілік иесі болғанына, өзін әкеп отырғызған адамға да өте риза еді. Бір күні:

— Әй, сен көп асқақтама! Мен тірі тұрсам, әлі өмірге келгеніңе өкінетін боласың, — деген шіңкілдек дауысқа жалт қараса, дәл төменде түрі ұсқынсыз Шөп басын қылтитып тұр екен.

Гүлдің көңілі ортайып, бір түрлі жабырқап қалды. Ештеңе дей алған жоқ. Көздері жасау-

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

рап кетті. Бірте-бірте солып, сарғайып бара жатты. Амалсыз жанындағы өзінен біршама үлкендігі бар Гүлге басын сүйеді.

— Жабырқама, сабыр ет! — деп жұбатты ол. — Адамдар оны «арам шөп» деп атайды. Өз құлқынынан басқаны ойламайтын жауыз шөп. Әлі-ақ құтыламыз.

«Жақсы сөз — жарым ырыс» деген ғой. Оның көңілі біраз көтеріліп қалды.

Әлгі Гүлдің айтқаны рас болып шықты. Ертеңіне бір бала келді де, арам шөпті жұлып тастады.

Гүл қайтадан құлпырып өсе бастады. Алайда, көп нәрсені ұқты. Өмірде жақсылар да, жамандар да бар екен-ау.

(«Балдырған» журналынан.)

1. Гүл нені сүйді?
2. Гүл неге мұңайды?
3. Шөптің тағдыры не болды?
4. Үлкен гүлге қандай баға бересіңдер?

КӨГЕРШІН

Таңданғаннан көзі тостағандай болған Кәрім көгершінге қарап, қатып қапты. Көгершін де Кәрімді таныған болу керек, ешбір сескенбестен бұдан көз алмай отыра береді.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Бұл күні Кәрімнің не істегені есінде жоқ. Ол көгершінді ойлаумен ғана болды. Қараңғы түскен кезде, Кәрім башмағын шешіп, жалаң аяқ баққа шыққан. Бақтың іші қап-қараңғы екен. Түнгі салқын жел жапырақтарды сылдыратады. Кәрім өте сақтық сақтап жүрді, ал көрі тұт ағашына тақалған кезде ептеп басты. Көгершіннің ұясы көрінбегенмен оның күндіз қай бұтада отырғанын белгілеп алған-ды. Қанаттарының сусылдағаны естілді. Кенет кереметтей қуанып кетті. Қараңғыда оның екінші қолы көгершіннің аяғындағы сұп-суық сақинаға тиген еді.

(Әділ Яқубов.)

1. Кәрім нені ойлаумен болды?
2. Кәрім неге қуанды?
3. Көгершіндерді үркітпе, ұясын бұзба.

ОТАН ТУРАЛЫ

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған «Отан» деп сыбырлаған.
Жаным менің, кеудемді жарып шық та,

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Бозторғайы бол оның шырылдаған.
Отан, Отан
Бәрінен биік екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем...

(«Алтын бесіктен».)

Өленді жаттап алыңдар.

Жаңылтпаштар

Беріп тай, лақты,
Алдым тайлақ.
Беріп тайлақты,
Алдым тай, лақты.

* * *

Алма алма, бал ал!
Жая алма, жая ал!

* * *

Жақсы қайшы
Қайсы қайшы?

Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жаз жылдың нешінші мезгілі?
2. Жазда егіндер қайтеді?
3. Жазда қандай үйірмеге, лагерьге барасыңдар?
4. Жазда қандай ұлттық ойын ойнайсыңдар?

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

МАЗМҰНЫ

АЛТЫН ҰЯ — МЕКТЕБІМ

Кел, балалар, оқылық! *Ы. Алтынсарин* 4
Қыркүйек. *Б. Қыдыров* 5
Мектеп — ана. *Ә. Дүйсенбиев* 6
Анамның тілі, аяулы үні. *Ш. Смаханұлы* 7
Бабалар салтымен. *Б. Дәулетов* 8
Кезекші. *А. Шамкенов* 9
Әлішер мен кітап. *Қ. Хикмат* 10
Баға. *«Балдырғаннан»* 10
Аурудан аяған күштірек. *Ы. Алтынсарин* 11
Біздің ауыл. *«Балдырған» журналынан* 12
Мысалдар. Әтеш. *«Балдырған» журналынан* 13
Маса. *«Балдырған» журналынан* 14
Екі кітап. *Б. Әділов* 14
Әй, атжалман! *Ә. Абиджан* 15
Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар 15

АЛТЫН КҮЗ

Қыркүйек. *«Жиған-тергеннен»* 16
Болатбек. *Қ. Толыбаев* 17
Ұнатам күзді мен. *Ж. Қашқынов* 18
Алтын дән. *К. Ахметова* 19
Жұмбақтар 20
Сары тауық және оның балапандары. *«Балдырғаннан»* 20
Күзгі жел. *А. Сәрсеков* 22
Бұл қандай кез? *Ж. Смақов* 23
Жан-жануарлар төлінің атаулары 24

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Аққу. *Ә. Жұмаділов* 25
Ералының жазығында. *М. Әуезов* 26
Сүйкімді көжек. *«Ұлан» газетінен* 28
Баланы өлімнен құтқарған құс. *Күнтізбеден* 30
Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар 31

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

Жұмбақтар. 32
Жаңылтпаштар. 33
Өтірік өлең. *«Қырық өтірік» өлеңінен* 35
Бауырсақ 36
Айгөлек 36
Ақ серек, көк серек 37
Барып кел 37
Қожанасыр мен хан 38
Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар 39

ХАЙУАНАТТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ӨЛЕҢДЕР МЕН ЕРТЕГІЛЕР

Төлді қалай шақырады? 40
Ешкі. *«Балдырған» журналынан* 42
Түйе, түйе, түйелер 43
Жыл басына таласқан хайуанаттар 44
Түлкі мен қасқыр 46
Арыстан мен түлкі 47
Қасқыр мен кірпі 48
Түлкі мен құмыра 49
Ақымақ қасқыр 49
Қарға баласын «аппағым» дер,
кірпі баласын «жұмсағым» дер 51
Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар 53

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

АТАЛАР СӨЗІ — АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ

Білімдіден шыққан сөз. *С. Кенжеахметов* 54
Тісіңізді күтіңіз. *«Жетісу» газетінен* 56
Атай. *Ә. Дүйсенбиев* 57
Әділдік деген не? *Ә. Қалиев* 58
Әдепті балалар. *Ә. Табылдиев* 59
Ұялғаным. *Ж. Бұхарбаев* 60
Тіл алмаудың кесірі. *Ә. Табылдиев* 61

ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ

Қыс. *С. Сейфуллин* 63
Алғашқы қар. *Ш. Мұхамеджанов* 64
Алтын заң. *Б. Иман* 64
Біз де ойнаймыз. *«Балдырған» журналынан* 65
Сырғанақ. *Ә. Ысқабаев* 67
Боран болар алдында. *«Балдырған» журналынан* ... 67
Боран. *Н. Айтов* 69
Бірлік. *Е. Өтетілеуов* 70
Жаңа жыл. *Ә. Асылбеков* 71
Қаңтар айы. *Ж. Өмірбеков* 73
Аязда. *А. Синявский* 74
Қоңыр қошқар. *Т. Жексенбай* 75
Денсаулық сағатын қолдаймыз 76
Әдептілік. *«Балдырған» журналынан* 78
Әже. *Т. Нұрмағанбетов* 78
Аяқталмаған ойын. *М. Төрежанов* 80
Жұмбақтар. *«Балдырған» журналынан* 81
Бізбен бірге. *С. Жиенбаев* 82
Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар 82

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ТУҒАН ЖЕР — АЛТЫН БЕСІГІМ

Өзбекстан. *П. Момын* 83
Отан ырза. *Е. Рахымов* 84
Біз — өмірдің гүліміз. *Ә. Дүйсенбиев* 85
Туған дала. *Е. Елубаев* 86
Қоңыр бәтеңке. *Ә. Аманкелдиев* 87
Қара алтын деген не? *Б. Қойшыбаев* 89
Ташкент метросы. *Қ. Рахмет* 90
Жұмыс. *Қ. Толыбаев* 91
Қара сөздер. *Абай* 92
Төле мен Әнет 93
Қазыбек би. *«Ел аузынан»* 94
Азамат. *«Ел аузынан»* 95
Жиренше шешен. *«Сөз тапқанға қолқа жоқ» кітабынан* 97
Бала бидің білгірлігі. *«Ел аузынан»* 98
Түлкі мен ешкі. *Ы. Алтынсарин* 99
Туған жер. *Н. Ерназаров* 99
Мақалдар 100
Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар ... 101

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАП, АЯЛАЙЫҚ!

Шалғын. *Қ. Толыбаев* 102
Жау, жаңбыр. *Ө. Қожамұратов* 103
Құмырсқа және жаңбыр. *Ә. Амангелдиев* 104
Кемпірқосақ. *М. Әлімбаев* 105
Көбелек 105

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Торғай ағаш қорғайды. *Ж. Смақов* 106
Таза бұлақ. *Ы. Алтынсарин* 107
Бұлақ. *З. Шүкіров* 108
Инелік 109
Ауа райын болжау. *«Жиған-тергеннен»* 110
Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар ... 110

АЛТЫН ҰЯ — ЖАНҰЯ

Әкемнің құшағы. *Қ. Халлыев* 111
Туған күн. *М. Құрманалин* 112
Аға ақылы. *Ж. Кәрбозин* 113
Аулада. *Ә. Тасболатов* 114
Ұшқыш болам. *«Балдырғаннан»* 115
Немере ойы. *Т. Молдағалиев* 116
Құлақ. *Ж. Кәрбозин* 116
Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар ... 117

ШУАҚТЫ КӨКТЕМ

Көктем деген немене? *Т. Молдағалиев* 118
Ана туралы жыр. *Ғ. Қайырбеков* 119
Ақ мамам. *Ә. Дүйсенбиев* 121
Туған күн. *Р. Әбілқадірова* 122
Сегізінші наурыз күні. *С. Оспанов* 123
Құлып. *Б. Соқпақбаев* 124
Мақалдар 126
Анаға сыйлаймыз. *А. Бақтыгереева* 127
Әже әжімі. *Т. Адашбаев* 127
Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар ... 128

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Наурыз. *«Жиған-тергеннен»* 129
Гүл. *Ә. Амангелдиев* 130
Азамат. *М. Омаруұлы* 131
Көшеттер. *Н. Қадырбаев* 132
Кім нені сүйеді? *Ө. Тұрманжанов* 133
Қарыз бен парыз. *Қ. Саттаров* 134
Жолда жүре білеміз бе? *Ж. Ыбыраев* 135
Сәуле қорықпауды үйренді. *Ә. Мәтқұлов* 137
Елдің бәрі жұмыста. *С. Мәуленов* 139
Түлкі мен қасқыр 140
Арық пен мұхит. *М. Омаруұлы* 141
Көктем. *Ә. Дүйсенбиев* 141
Табиғатты бүлдірмейік. *Ы. Алтынсарин* 142
Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар ... 143

ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚ

Еңбекшіл, адал құмырсқалар. *Н. Қыдыралиев* 144
Ит мысыққа неге өш? *С. Шомақов* 146
Ұлылардан ұлағат 148
Жаман жолдас. *Ы. Алтынсарин* 149
Құмырсқа мен көгершін 150
Жақсылық, жамандық туралы мақалдар 151
Бақша ағаштары. *Ы. Алтынсарин* 152
Атасы жақсы қандай-ды. *Балқы Базар* 153
Тоқта, ботам! *М. Мақатаев* 154
Алтын сөз. *Н. Айтов* 156
Көзі тоймаған ит. *С. Дөнентаев* 157
Нан базар. *Ә. Қалыбекова* 158

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Ойлаумен ой толады, ойнаумен бой толады. *М. Төрежанов* 158
Көрші атам. *Қ. Толыбаев* 160
Кім күшті? 161
Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар ... 163

ОТАН СҮЙЕР ҰЛАН БОЛ!

9 мамыр — еске алу және қастерлеу күні 164
Ташкенттегі «Шейіттер жады» ескерткіші. *М. Омарұлы* 166
Біздің әскер сақшысы. *Қ. Мүсірепов* 167
Ұқсай қалған сақшыға. *Е. Әукебаев* 167
Қаһарман аталар. *М. Шадиев* 168
Сен білесің бе? 169
Отан сүйер ұлан бол! *Б. Момышұлы* 170
Батыр қыз. *«Ұланнан»* 171
Солдат әрқашан қырағы. *Б.Әділов* 172
Отан. *М. Мақатаев* 174
Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар ... 175

ЖАЗ ЖАЙНАТЫП

Жаз. *А. Құнанбаев* 176
Қостың дәмі. *З. Иманбаев* 177
Күміс жүлде. *«Жалыннан»* 178
Қарға мен құмыраша 180
Жақсы мен жаман. *«Балдырған» журналынан* .. 180
Көгершін. *Ә. Яқубов* 181
Отан туралы. *«Алтын бесіктен»* 182
Бөлім бойынша сұрақтар мен тапсырмалар ... 183

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Omaro‘g‘li Mahkambay.

O-52 O‘qish kitobi: umumiy o‘rta ta’lim maktablarining 2-sinfi uchun darslik / M. Omaro‘g‘li. Beshinchi nashri. — T.: «O‘zbekiston», 2018. — 192 b.

ISBN 978-9943-01-281-3

УЎК: 372.41+821.512.122.3
КБК 81.2. -Каз-93

O‘quv nashri

MAHKAMBAY O‘MARO‘G‘LI

O‘QISH KITOBI

Umumiy o‘rta ta’lim maktablarining 2-sinfi uchun darslik

5-nashri

(Qozoq tilida)

Original-maket «O‘zbekiston» nashriyot-matbaa ijodiy uyida tayyorlangan, 100011, Toshkent, Navoiy ko‘chasi, 30

Редактор *Г. Нишанова*
Көркемдеуші редактор *О. Фазылов*
Техникалық редактор *Т. Харитонова*
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы AI 158. 14.08.2009.
Басуға 2018 жылы 5 майда рұқсат етілді. Пішімі $70\times90^{1}/_{16}$.
Гарнитурасы «Pragmatica Kazakh». Кеглі 16, 14.
Офсеттік қағаз. Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 14,04.
Есепті баспа табағы 15,79. Таралымы 5737 дана.
Тапсырыс № 138.

«Sharq» баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды. 100000, Ташкент, Буюк Турон көшесі, 41.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады:

Жаңа	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап сызылған, шеттері мүжілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE